

**MATERIALS
OF THE XVIII INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND
PRACTICAL CONFERENCE**

**MODERN EUROPEAN SCIENCE -
2022**

June 30 - July 7 , 2022

Volume 2

SHEFFIELD
SCIENCE AND EDUCATION LTD
2022

SCIENCE AND EDUCATION LTD

Registered in ENGLAND & WALES Registered Number: 08878342
OFFICE 1, VELOCITY TOWER, 10 ST. MARY'S GATE,
SHEFFIELD, S YORKSHIRE, ENGLAND, S1 4LR

Materials of the XVIII International scientific and practical Conference
Modern european science - 2022 , June 30 - July 7 , 2022: Sheffield. Science
and education LTD -164 p.

Date signed for printing ,
For students, research workers.
Price 3 euro

ISSN 2312-2773

© Authors , 2022

© SCIENCE AND EDUCATION LTD, 2022

ECONOMIC SCIENCE

Accounting and auditing

Евгеньева Анна

Карагандинский университет Казпотребсоюза

УЧЕТ ЗАТРАТ НА ПРОИЗВОДСТВО, КАЛЬКУЛИРОВАНИЕ СЕБЕСТОИМОСТИ ПРОДУКЦИИ

Производственные затраты организации включают расходы основного и вспомогательных производств.

К основному относят производства, предназначенные изготавливать продукцию, для выпуска которой создано предприятие, а также полуфабрикаты, предназначенные для реализации и внутризаводского потребления.

Вспомогательные производства непосредственно не участвуют в изготовлении продукции основного производства, но обслуживают его и все предприятие, оказывая услуги и производя отдельные работы.

Побочные цехи заняты утилизацией отходов основного производства.

Подсобные цехи производят продукцию не из основного материала, но используемую в основных и вспомогательных производствах.

Экспериментальные цехи изготавливают опытные образцы и выполняют различные экспериментальные работы.

Кроме того, предприятия имеют обслуживающие производства и хозяйства, которые удовлетворяют бытовые нужды коллектива предприятия; они могут также изготавливать продукцию, выполнять работы и услуги для основного производства и на сторону.

Во всех производствах имеют место накладные расходы.

К накладным расходам относятся расходы, связанные с управлением и обслуживанием производства, в частности: оплата труда работников аппарата управления цехов, участков, амортизация производственных основных средств

и нематериальных активов, затраты на содержание и ремонт производственных зданий, сооружений и инвентарь общепроизводственного назначения; затраты на оплаты, исследования, рационализацию и изобретательство производственного характера.

Для любого предприятия весьма важна четкая организация производственного учета, во многом определяемая типом производства. Различают три основных типа производства: индивидуальное, серийное и массовое.

Индивидуальное - такой тип производства, при котором продукция изготавливается отдельными экземплярами или небольшими повторяющимися заказами.

Серийное производство характеризуется периодической повторяемостью изготовления и выпуска одинаковых изделий, которые образуют их серию.

В зависимости от размеров серий различают три вида производств:

крупносерийное;

мелкосерийное.

Массовое производство характеризуется непрерывностью и относительно длительным периодом изготовления ограниченной номенклатуры однородной продукции в больших количествах. К предприятиям с массовым выпуском продукции, например, можно отнести заводы автомобильного, тракторного и сельскохозяйственного машиностроения.

Организации массового производства присущи следующие особенности:

- строго установленный выпуск небольшой номенклатуры изделий в огромном количестве;

- специализация рабочих мест для выполнения, как правило, одной закреплённой операции; расположение рабочих мест в порядке следования операций;

- большой удельный вес специального и специализированного оборудования и технологического оснащения;

- высокий процент комплексно-механизированных, автоматизированных технологических процессов;

Перечень производств, которые выделяются при планировании и учете затрат, определяются учетной политикой субъекта;

- по видам продукции, работ и услуг; затраты на производство включаются в себестоимость отдельных видов продукции или групп однородной продукции;

- по способу включения в себестоимость продукции затраты подразделяются на: прямые, связанные с производством отдельных видов продукции, которые могут быть прямо и непосредственно включены в их себестоимость, и косвенные, связанные с производством нескольких видов продукции, включаемые в их себестоимость путем распределения.

Перечень статей калькуляции:

1. исходное сырье и материалы;
2. топливо и энергия для технологических целей;
3. начисленная заработная плата производственным рабочим;
4. страховые взносы с заработной платы производственных рабочих;
5. общепроизводственные расходы;
6. общехозяйственные расходы;
7. прочие производственные расходы;
8. [коммерческие расходы](#).

Статьи калькуляции с пункта 1 по пункт 7 являются расходами на производство, так как эти затраты прямо связаны с осуществлением производственных процессов. Сумма всех расходов на производство равна производственной себестоимости готовой продукции.

Статья «Коммерческие расходы» из пункта 8 перечня статьей калькуляции – это понесенные расходы, которые связаны с отпуском (реализацией) готовой продукции. К таким коммерческим расходам относятся затраты на хранение, на рекламу, на упаковку, транспортные расходы и прочие расходы.

Сумма производственных и коммерческих расходов в итоге составляет полную себестоимость созданной продукции.

Для учета затрат на производство применяют комплексную систему счетов в которую входят счета 8110 «Основное производство», 8210 «Полуфабрикаты собственного производства», 8310 «Вспомогательные производства» 8410 «Накладные расходы».

Аналитический учет затрат на производство ведут в калькуляционных карточках или ведомостях по установленной номенклатуре объектов калькуляции и статей затрат по цехам, производствам.

Для установления принадлежности затрат к тем или иным объектам калькуляции или учета на всех документах, содержащих затраты на производство, указывают коды объектов учета, статей затрат и накладных расходов. Это позволяет правильно группировать затраты по объектам калькуляции и статьям накладных расходов.

Объекты калькулирования являются носителями затрат. Для каждого объекта выбирается калькуляционная единица, это, как правило, натуральные и условно натуральные единицы, исчисленные с помощью коэффициентов.

На практике нередко объекты учета затрат и калькулирования между собой совпадают. В этом случае для исчисления себестоимости единицы продукта общая сумма затрат по объекту учета делится на количество изготовленных изделий. Если же они не совпадают, затраты по объектам учета суммируются, и полученный результат делится на количество изготовленной продукции. В этом случае объекты учета затрат являются частью (долей) объекта калькулирования.

При исчислении себестоимости продукции важно установить калькуляционную единицу.

Калькуляционная единица — это измеритель объекта калькулирования. Ее выбор зависит от особенностей изготовления продукции, обширности номенклатуры, применяемых единиц измерения, действующего стандарта и технических условий на вырабатываемые изделия.

На предприятиях для калькулирования себестоимости из всего комплекса калькуляционных единиц предпочтение отдается одному измерителю, который рассматривается как основной. Как правило, он совпадает с единицей измерения объема продукции (работ).

Мы исследовали организацию учета производственных затрат в ТОО «Hot Bread», основным видом деятельности которого является производство и реализация хлебобулочных изделий. В рабочий план счетов ТОО «Hot Bread» включен раздел «Учет производственных затрат», содержащий перечень производственных счетов с детализацией их на ряд субсчетов первого и второго порядков (например, счет 8110.12 «Затраты по выпечке хлеба Сельского без дрожжевого»). Нами обращено внимание на массив корреспонденции счетов по отражению затрат, связанных с выпечкой указанного хлеба (таблица 1):

Таблица 1

Отражение на счетах бухгалтерского учета затрат по выпечке хлеба Сельского без дрожжевого в ТОО «Hot Bread»

№	Статьи затрат	Корреспонденция счетов		Сумма
		Дебет	Кредит	
1	По лимитно-заборным ведомостям списывается стоимость использованных материалов	8110.12	1310	284560
2	По нарядам на сдельную работу отражается начисленная заработная плата рабочим	8110.12	3350.26	198500
3	По расчету определена и списана сумма социального налога	8110.12	3150.26	10342

4	По расчету определена и списана сумма социальных отчислений	8110.12	3210.26	6253
5	Отражены затраты по исправлению брака	8110.12	8110.50	2000
6	По накладной сданы на склад используемые отходы (мучной смет, мучной подмет)	1350	8110.12	800
	Итого затрат			246355

Следует сделать вывод, что предприятие использует типовые проводки для отражения затрат основного производства. Но в ТОО «Hot Bread» не уделяется должного внимания учету расходов, связанных с приобретением материалов, то есть в состав производственных затрат списываются использованные материалы по стоимости приобретения а не по себестоимости (как требует МСФО 2 «Запасы»). Это несколько искажает себестоимости производимой продукции. На наш взгляд в ТОО «Hot Bread» необходимо ежемесячно собирать транспортно-заготовительные расходы и распределять их пропорционально учетной стоимости израсходованных материалов. Кроме того следует внедрить основные элементы нормативной калькуляции, что позволит ежемесячно определять и причины, и возможных виновников перерасхода производственных ресурсов.

Литературы:

1. Журнал «Управленческий учет»
2. Никитина, О.Г. Методика учета и распределения косвенных расходов в управленческом учете / О.Г. Никитина // Научно-аналитический экономический журнал. – 2017.
3. Журнал «Международный бухгалтерский учет» рубрика «Управленческий учет»

PHYSICAL CULTURE AND SPORT

Physical culture and sport: problems, researches, offers

Магистр, аға оқытушы Қазақбаева Г.И.

П.ғ.к., аға оқытушы Көкебаева Р.С.

Магистр, оқытушы Жұмағұлов А.А.

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы*

СПОРТШЫНЫҢ ТАКТИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Адамды белгілі бір іс-әрекетке дайындау - бұл сол іс-әрекетке жемісті қатысуға дайындықты қалыптастыру үрдісі деген сөз. Осы дайындық ішінде бірқатар құрауыштарды атап көрсетуге болады: олар-бұлшықеттік, функционалды, операциялы, психологиялық және т.б. Кез-келген іс-әрекетке адам психологиялық жағынан дайын болуы керек. Әсіресе, өзгермелі жағдайларға, мақсатқа жету кезеңдерінде, қажеттіліктер секірулерде және құнды бағыт-бағдар қажет. Спортшы іс-әрекеті дәл осындай белгілерге ие.

Спортшының тактикалық дайындығының психологиялық негізі «тактика», «міндет», «міндетті шешу» түсініктерімен қатар жүреді және осы түсініктермен бірге қарастырылады.

Спорттағы тактикаға толыққанды талдау жасай отырып, біз оның негізгі 3 түріне тоқталамыз: 1) жеке дара тактика; 2) топтық тактика; 3) ұжымдық немесе командалық тактика;

1) Жеке-дара тактика спорттың жеке түрлерінде айқын көрініс табады. Бокс, күрес, теннис т.б. спорттың жеке түрінде сол спорт түрінің барлық тактикасын

қамтыса, ал командалық ойындарда немесе жарыстарда олар тактикалық элемент түрінде көрінеді.

Жеке дара тактиканы таңдау уақытында спортшы өзінің мүмкіншіліктерін (дене және психикалық сапалары, техникалық арсенал, тактикалық дайындық), қарсыласының мүмкіншілігі, тактикалық ситуацияның барлық сипатын ескереді.

2) Топтық қарым-қатынасты ұйымдастыру уақытында командадағы кіші топтарды есепке алу қажет. Топтық тактикада негізгі орынды үлкен спорттық ұжымдардағы ішкі микро - коллективтердің өзара байланысы негізгі орын алады.

Топтық тактика 2 ойыншының ойынымен сипатталады. Мысалы: теннис ойынында екі ойыншы ойыны арнаулы спорттық шеберлігінің деңгейі топтық тактиканы суреттемейді, ал онда екі ойыншы әрқайсысының өздеріне тән психологиялық ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Топтық тактика уақытында спортшы тек өзінің және қарсыласының мүмкіншілігін ғана ескеріп қоймай серіктерінің де әрекетіне болжау жасауы қажет.

3) Ұжымдық немесе командалық тактика әртүрлі факторлардың негізінде жасалады. Бұл тактиканың жалпы суреті тек бір-екі оперативтік әрекет негізінде топтық немесе жеке-дара тактика негізінде айқындалмайды, бұл жалпы әрекет мозаикасы ретінде беріледі. Ұжымдық немесе командалық тактика тікелей команда лидерінің ойлау ерекшелігіне байланысты болады [1].

Командалық тактика ойынының жемісті болуы алдын-ала дайындалған немесе жаттықтырылған тактикалық комбинацияға және жарыс уақытында пайда болған тез шешім қабылдауды талап ететін кездейсоқ міндеттерді шешуден тұрады. Ал кездейсоқ міндеттерді шешу спортшының жоғарғы тактикалық қабілетінің даму дәрежесіне және тактикалық дағдысына байланысты. Ұжымдық немесе командалық тактикалық міндеттің негізі бұл жеке дара ойлау, сондықтан да тактикалық дайындық негізінде әрбір ойыншының іскерлігінің дамуынан, жеке дара ойын тәсілдерін дұрыс

тандаудан тұрады. Тактикалық міндетті шешу процесінде негізгі орынды сөз атқарады.

Сөздің қызметі жарысқа дайындық уақытында тактикалық әрекетті жоспарлау барысында басталады. Спорттық жарыстағы болашақ ситуацияларды суреттеу, міндетті дұрыс атқаруды таңдау- бұның бәрі сөз формасы ретінде беріледі. Дәл, анық сөз формасы ретінде берілген анықтама, дәлелдеу, түсініктемелер негізінде міндетті меңгеру дәрежесі мен жоспарланған әрекет нақты түрде анықталады.

Жарыс уақытында және жарысқа дайындықта сөз мынандай функцияларды атқарады:

- бағыттаушы қызмет;
- нақтылаушы қызмет;
- бағалаушы қызмет.

Бағыттаушы қызмет жағдайға тікелей байланысты және нақты жағдайды бағалайды. Спортшы ситуацияны тек ішкі сөйлеу көмегімен ғана емес, сонымен бірге серіктесімен қысқа сөздермен де алмасады. Мысалы: «Сен ойыннан шығып калдың», «Допты оңға карай соқ» т.б. Бұл жағдайда сөз ситуацияны дәл анықтап, қажетті жағдайларды бөліп көрсетуге көмектеседі.

Бағыттаушы қызмет тактикалық ситуацияны кезінде нақты, анық қабылдау, баға беруге көмектеседі. Спортшы кей уақытта кездейсоқ ситуацияларда спорттық әрекетті бағалап үлгермей, жағдайға байланысты әрекет жасайды.

Нақтылаушы қызметтің негізінде спорттық жарыс уақытында спортшы өзіне бұйрық, нұсқау беріп, өзінің әрекетін бақылайды және керекті қимыл реакцияларын анықтайды. Нақтылаушы қызметтің ролі мынандай уақытта көрінеді, алдын- ала жоспарланған операция жүзеге аспай, шұғыл түрде шешім қабылдау. Бұл кезде немесе сәтте спортшы жағдайдың барлық элементтерін анықтамай, алдын-ала дайындалмаған әрекет жасап қарсыласының

варианттарын пайдаланады. Осы жағдайда спортшы жедел, бір-екі сөз алмасу арқылы тактикалық шешім қабылдайды.

Сөздің бұл қызметі өткен әрекетке бақылау жасайды және осының негізінде алдағы тактикаға өзгеріс енгізеді. Сонымен бірге бағалаушы қызмет қарсыластың әрекетіне және тәртібіне баға береді, өткенге өзінің эмоционалдық қарым-қатынасын білдіреді. Бұл баға жағымды, мысалы, серіктесінің әрекетін қолдау, мақтау немесе жағымсыз, бұл жерде, серіктесінің әрекетіне көңілі толмау болуы мүмкін. Сөздің бұл формасы командада өзара қатынасты жақсартады және тактикалық әрекеттің жаңа мүмкіншіліктерін ашады, жақсартады.

Спорттағы тактикалық қозғалыстар спортшының кешенді қызметінің бір бөлігі болып табылады. Тактикалық қозғалыстың құрылымына мыналар жатады: спорттық жағдайларды қабылдау; тактикалық есептерді ойлау арқылы шешу; тактикалық есептерді психологиялық тұрғыда іске асыру.

Спорттық жағдайларды қабылдау - тактикалық қозғалыстардың бірінші фазасын құрайды. Спортшының тактикалық қозғалыстары оның алған толық және нақты мағлұматына қатысты. Осы фазада назар аударғыштық тұрақтылығы үлкен мағына білдіреді. Тактикалық есептерді ойлау арқылы шешу - бұл күрделі үрдіс, ол үшін:

- қарсыластың қозғалыстарын үзбей қабылдау арқылы осының негізінде екінші жақта қалыптасқан жағдайды бағалап, соған сәйкес шешім қабылдайды;
- тек ойлау операциясы негізінде шешім қабылдамай, оны талдау, қорыту және ойлауды түйіндеумен қатар, қарсыластың қозғалыстарын және келесі оқиғаларды болжау арқылы осының негізінде оның іс-әрекетін ойлап табу. Бұл фазада спортшының ойлауы негізгі роль атқарады. Мәселені анықтауда есте сақтау және шығармашылық ойлау көп көмегін тигізеді.

Тактикалық есептерді психологиялық тұрғыда іске асыру - қозғалыстар арқылы жүзеге асырылады. Бұл фазада сенсомоторлық (лат.сөзі – сезім,

сезіну, қозғалысқа алып келу, сезімдік-қозғалыстық) координацияның, қимыл-қозғалыстың жылдамдығы мен нақтылығына байланысты. Алғашқы кезде спортшының еріктік дайындығының мәселелері шапшаң психодигностикалық тұрғыдан қарастырылады. Одан кейін спортшының дене тәрбиесі, психикалық және тактикалық дайындықтарының психологиялық ерекшеліктері зерттелінеді.

Қабылдау қозғалыстары - спорт қимылдарының әр түрлі формаларын орындауда ерекше көрінеді. Уақытты қабылдау - спортшының уақытқа қатынасын күрделі формалар арқылы анықтайды. Ол темп пен ырғақты қабылдау. Темпті қабылдау - бұнда бұлшық етті қабылдау темп арқылы орын алған. Ырғақты қабылдау - бұнда қимыл-қозғалыс және оның түрлерінің керектігін анықтау орын алған, осылардың нәтижесінде қалыптасады.

Есте сақтау мен назар аудару ерекшеліктері. Назар аударудың мына түрлерін ажырата білу қажет:

- шоғырлануы - бұл саналы және барлық спорт түрлеріне тән;
- бөлінуі - бұл бірнеше объектілерге назар аудару, қиын техникалық қимылдарды орындағанда қажет;
- қайтадан назар аудару, бірінші қозғалысты тоқтатып, екіншісіне назар аудару;
- тұрақты назар аудару – ұзақ уақыт бойы күрделі тактикалық қимылдарды орындағанда нақтылық пен бірорындылықты қамтамасыз етеді [2].

Спортшының тактикалық дайындығында қимыл-қозғалыстарды есте сақтау маңызды роль атқарады. Қимыл - қозғалысты есте сақтауды дамыту кеңістіктегі және уақыттық қатынастағы қозғалыстардың өзара байланысын және кейбір қозғалыстарды ерекшелендіруге ықпал жасайды. Спортшының қимыл әрекетінің дәлдігі психикалық үрдістердің және олардың қызметтерінің даму деңгейіне байланысты. Мысалы: түйсіну, қабылдау, ойлау, ес, зейін. Дене шынықтыру жаттығуларының техникасы түйсінумен байланысты. Мысалы:

бұлшық ет - қимыл түйсігі қимыл координациясының дұрыс орындалуында үлкен роль атқарады. Сипай сезу түйсігі заттардың кеңістіктегі қатынасын жақсы қалыптастырады. Мысалы: спорттық құралдардың салмағы, формасы, көлемі. Органикалық түйсік жұмыс істеп отырған органның негізгі жағдайын көрсетеді. Мысалы: спорт жаттығуларының сапалы орындалуы көңіл-күйге, өзін-өзі сезінуге байланысты. Сонымен бірге дене шынықтыру жаттығуларын орындау барысында есту және көру түйсіктері ерекше роль атқарады. Спорттық әрекетті орындау кезінде қимылды қабылдаудың үлкен маңызы бар. Мысалы: әрекеттің сипаты, формасы, бағыт амплитудасы, ұзақтығы, жылдамдығы, күштілігі, дененің жеке және жалпы мүшелерінің жағдайы. Қимылды қабылдауда және техникалық әдістерді шешуде сенсомоторлық координация үлкен роль атқарады. Мысалы: спортшы ойын кезінде көз мөлшері арқылы доп беретін қарсыласының арақашықтығын өлшейді, оның қимылын бағдарлайды. Спортта қозғалыс дағдылары мынандай психологиялық ерекшеліктерімен көрінеді:

- Әртүрлі элементтерден құралған қимыл әрекетінің тұрақтылығы.

Мысалы: жүгіріп келіп ұзындыққа секіру.

- Жетілдіру.
- Автоматизм.
- Саналылық.

Қимыл техникасы туралы түсінік спорттық-техникалық ойлаудың негізін құрайды. Дене шынықтыру жаттығуларының әртүрлілігі және спорттық шеберліктің деңгейі қозғалыс жаттығулары туралы түсінікті жан-жақты игеруге байланысты

Бұлшық етті қозғалыстар - дене жаттығуларын дұрыс орындаудағы шешуші сезімдер болып табылады.

А.Ц. Пунидің жүргізген тәжірибелік зерттеулері нәтижесінде «бұлшық етті - қозғалыс сезімдерін жақсы дамыта отырып, біз спорттың техникалық жаттығуларын тезірек үйренеміз» деген болжау жасады. Сонымен бір мезетте

жетілген техникалық жаттығулар бұлшық етті - қозғалыстық сезімдердің әрі қарай дамуына үлкен әсер етеді. «Бұлшық етті сезімдер» дамуы дәрежесі мен спорттық шеберлік дәрежесі арасында тікелей байланыс бар екенін ғалым И.М. Сеченов көрсеткен болатын. Көрсетілген сезімдер қозғалыстарды дұрыс орындауда үлкен роль атқарады. Вестибулярлық сезімдер - тез қимылдау, тез айналу, аяқ астынан жылдамдықты күшейтуде ерекше қажет. Тәжірибелік жолмен зерттеу арқылы көрсеткендей, вестибулярлық аппараттағы арнайы жаттығулар көптеген спорт қызметі түрлерінде оның тиімді нәтиже беретінін көрсетті. Олар мынадай спорт түрлерінде: гимнастика, әртүрлі спорт ойындары, акробатикада тиімділігі аңғарылды. Сезіммен қабылдау - бұлшық етті сезімдермен бірігіп, заттарды қабылдауда көп қызмет атқарады. Ол заттардың түрі, формасы, көлемі, салмағы, каттылығы, жұмсақтылығы және оның кеңістікте орналасуы. Міне осының бәрі спорт ойындарындағы қажетті жағдайлар.

Әдебиеттер:

1. Ильин Е.П. Психология спорта.- СПб.: Питер, 2010.- 352 с.
2. Алексеев А.В. Преодолей себя! Психическая подготовка в спорте / А.В. Алексеев; худож.-оформ. А. Киричёк. –5-е изд., перераб. и доп. – Ростов н/Д: Феникс, 2006. – 352 с.
3. Журавлев Д.В. Психологическая регуляция и оптимизация функциональных состояний спортсмена: метод. пособие / Д.В. Журавлев. – М., 2009. – 116 с.

Магистр, аға оқытушы Қазақбаева Г.И.

П.ғ.к., аға оқытушы Көкебаева Р.С.

Магистр, оқытушы Жұмағұлов А.А.

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы*

СПОРТ ЖӘНЕ ТҰЛҒАНЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

Көптеген ғасырлар бойы көшбасшылық жеке адамдар мен тұтастай қоғамның өмірінде маңызды рөл атқарды. Дене шынықтырумен және спортпен айналысатын әлеуметтік субъектілердің мақсатты дамуы спортшылардың басқа адамдарға, қоғамға және өздеріне деген көзқарасын анықтайтын әлеуметтік маңызды жеке қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған.

Ғылыми әдебиеттерді талдау көрсеткендей, «көшбасшы» ұғымын түсіндіруде көптеген тәсілдер бар. Ең қарапайым түрде, көшбасшы термині тұтастықтың белгісі және бүкіл топтың рөлдік үлгісі болып табылады. Тұжырымдаманың барлық түсіндірмелерінде ортақ мағына бар, бірақ «көшбасшы» ұғымының негізгі мағынасын беретін сөздер жетіспейді, әсіресе жастар арасындағы көшбасшылық тақырыбы қозғалған кезде. Біздің ойымызша, жастар арасындағы көшбасшылықтың маңызды ерекшелігі-көшбасшы инновацияларды басқа топтарға қарағанда жақсы қабылдайтын ізбасарларын серпінді дамытуға және жақсартуға бағытталған тек алдыңғы қатарлы идеяларды қамтуы керек. Бұл команда көшбасшыны өз мүшелерін бірлескен іс-шаралар үшін ұйымдастыра алатын тұлға ретінде қабылдайтындығына байланысты.

Көшбасшының өзі, әдетте, салыстырмалы түрде қолайлы жағдайларда ғана емес, сонымен қатар өмір мен денсаулыққа қауіпті, кәсіби қызметте орын алатын жағдайларда бірлескен қызмет үшін топ мүшелерін ұйымдастыру мүмкіндігіне сенімділікпен ерекшеленеді. Шетелдік психологтардың зерттеулерінің нәтижелері бойынша адамдардың шамамен он пайызында туа біткен ұйымдастырушылық қабілеттер бар. Егер ресми көшбасшылар

көшбасшылық қасиеттері жоқ адамдарды тағайындаса, онда ұжымда жанжал жағдайларының пайда болуының алғышарттары жасалады [1].

Сонымен бірге, егер сіз көшбасшылық мәселелерімен саналы түрде айналыспасаңыз, онда ұйымдастырушылық қабілеті әлсіз адамдар көлеңкеде қалады. Мұның бәрі қазіргі уақытта маңызды және бұған жас ұрпақтың жастар ұйымдарына қатысуы арқылы қол жеткізуге болады. Осының бәрімен олардың мәдениет деңгейін арттыру, құндылықтарды дұрысына қайта бағдарлау, оның ішінде әдебиет оқу, зияткерлік және кәсіби өсу, ұрпақтар сабақтастығын дамыту, оқуға ынталандыру, спортпен айналысу қажет.

Біздің ойымызша, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыруда дене шынықтыру және спорт маңызды рөл атқарады. Осы баяндама біз көшбасшылық, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, ерік-жігер, адамгершілік-эстетикалық сияқты жеке қасиеттерді қалыптастырудағы спорттың рөлін, сондай-ақ салауатты өмір салтын жүргізудің маңыздылығын талдауды жоспарлап отырмыз. Мұның бәрі адамға тұлға ретінде қалыптасуға, заманауи адамның келбетін табуға және қиындықтарды жеңуге, проблемаларды шешуге, өмірде өз орнын табуға мүмкіндік береді. Спорт-қазіргі адамның қалыптасуының ажырамас бөлігі.

Дене шынықтыру және спортпен жүйелі айынлаысу адамға өмірге дайындалуға, денесін қатайтуға және денсаулығын нығайтуға мүмкіндік береді, сонымен қатар жан-жақты үйлесімді дамуға ықпал етеді, болашақ мамандарға қажетті жеке қасиеттерді, моральдық және физикалық қасиеттерді тәрбиелеуге ықпал етеді.

Бүгінгі таңда дене шынықтыру туралы идеялар оны жалпы мәдениеттің өзіндік бөлігі ретінде бағалаумен байланысты. Жалпы қоғам мәдениеті сияқты, дене шынықтыру әртүрлі процестер мен құбылыстардың кең спектрін қамтиды: оның сипаттамалары бар адам денесі; адамның физикалық жағдайы; оның физикалық даму процесі; моториканың белгілі бір түрлерімен айналысу; жоғарыда аталған біліммен, қажеттіліктермен, құндылық бағдарларымен,

әлеуметтік қатынастармен байланысты. Жоғарыда айтылғандардың әрқайсысы мәдениет әлеміне адамның әлеуметтік қалыптасқан физикалық қасиеттерін ғана емес, сонымен қатар мінез-құлық нормалары мен ережелері, түрлері, формалары мен құралдары сияқты әлеуметтік қызмет элементтерін қамтитын кең жүйенің элементтері ретінде енеді. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, дене шынықтыру-бұл күрделі әлеуметтік құбылыс, ол физикалық даму мәселелерін шешумен шектелмейді, сонымен қатар құлық, тәрбие және этика саласында қоғамның басқа да әлеуметтік функцияларын орындайды деп қорытынды жасауға болады. Қазіргі кезеңде Қоғам физикалық дамыған, дені сау, көңілді-жарқын болып өскен жас ұрпаққа қызығушылық танытады.

Қазіргі әлемде қауіпсіз өмір сүру - тез өзгертін және күрделі-бұл ерекше ырғаққа сай болу. Қазіргі заманғы "жасөспірім" адам белсенділік, шығармашылық, өзіне және өзіне деген сенімділік, шыдамдылық, айқындық, оптимизм сияқты қасиеттерді қаншалықты ертерек дамыта бастаса, оның қазіргі қоғамға енуі соғұрлым тегіс болады [2].

Осыған байланысты жасөспірімдер арасындағы көшбасшылықты зерттеу ерекше мәнге ие, өйткені дәл осы жаста көшбасшылық әлеуеттің негіздері қаланады және қалыптасады, ол кейіннен ересек өмірде ашылады. Көшбасшылық қабілеттердің қалыптасуы мен дамуына әсер ететін факторлардың ішінде мыналарды бөлуге болады: отбасылық тәрбиенің ерекшеліктері, адам кіретін іс-әрекеттің ерекшелігі, оның қарым-қатынас ортасының ерекшелігі, бос уақытының ерекшеліктері және т. б. Сондай-ақ, біздің ойымызша, жасөспірімдер спорттық ұйымдарда, секцияларда, мектептерде және т.б. спортпен шұғылданса көшбасшылық қабілетін қалыптастыруда жағымды әсерін тигізуі әбден мүмкін.

Жасөспірімдік кезең - бұл адам өміріндегі ең маңызды кезең: адамға өзін-өзі құрметтеу, өзін-өзі бағалау, айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жолдары, және өзара әрекеттесу тәсілі. Оның өзін-өзі жүзеге асыруы, мансабы,

өмірде кім болатыны, не нәрсеге қол жеткізетіні және ол ақыр соңында бақытты болуы мүмкін бе, сынды жасөспірімде мәселелер мен жағдаяттар туындайды

Қазіргі әлемде қарым-қатынас дағдылары, ұжымға үйлесімді түрде қосылу және құрдастарының арасында өзара әрекеттесу, қиын өмірлік жағдайларға тез бейімделу қабілеті және т.б. сияқты қасиеттерге ие адамға өзін-өзі тану әлдеқайда оңай. Әрине, біздің ойымызша, осындай қасиеттердің бірі-көшбасшылық қасиеттер. Әр спорт командасының өз Көшбасшысы бар. Бұл адам айналадағыларға үлгі көрсетеді, алға ұмтылады және оған деген сенімділік артады.

Спортпен шұғылдану барысында ерік-жігер, мінез шыңдалады, өзін-өзі басқару, әртүрлі қиын жағдайларда тез және дұрыс жүру, уақтылы шешім қабылдау, тәуекелге бару немесе қауіп-қатерден аулақ болу қабілеті жақсарады. Демек, қазіргі қоғамда замаунаи адам осындай болу керек.

Спортпен шұғылдану арқылы адам ең алдымен дене бітімін, тұла бойын, қимылдары мен моторикасын басқару қабілетін жетілдіріп, күшейтетіні анық.

Спорт кескіндеме, мүсін, музыка және балетпен қатар біртіндеп жалпы адамзатты жеке адами кемелділік өмірдің ең әдемі құндылықтарының бірі екендігіне сендіреді. Тіпті философтар да осылай дейді және олардың сөздері спорттық қоғамның пікірлерімен үйлеседі. Демек, спорттың ең жоғары мәні адамның қабілеттерін ашуда деген тұжырымдар кездейсоқтық емес. Спорт адамды табиғи, идеалға жақындатады, өйткені табиғаттың даналығымен қатал қарама-қайшылық тегістеледі, ол барлық тірі өмірді қуанышқа бөлейді. Бұл тұжырым адам өмірін философиялық жалпылауға жақын [3].

Ғылыми әдебиеттерді талдауға және зерттеуге сүйене отырып, жеке тұлғаның жағымды қасиеттерін қалыптастырудағы спорттың рөлі туралы қорытынды жасауға болады.

Белгілі бір спорт түрімен түрімен айналысқан жасөспірімдер болашақта өздерін еркін және сенімді сезінеді, қоғамға жаңа жағдайда бейімделу оңайырақ болады. Өмірде олар өздеріне лайықты орын табады, жұмыста үлкен

нәтижелерге қол жеткізеді. Тәжірибе көрсеткендей, салауатты өмір салтын оқыту процесі баланың интеллектуалды және эмоционалды дамуының қуатты және ынталандырушы факторы ретінде моторикамен тығыз байланысты. Балалардың дене шынықтыру іс-әрекетіне деген қызығушылығының негізінде салауатты өмір салтын қамтамасыз ету дағдылары мен денсаулыққа деген ынтасын қалыптастыру қажет.

Қорытындылай келе, бұл ұйымдардың рөлі, жастардың өмірінде елеулі орын алады. Жастар ұйымы әлеуметтік топ ретінде жастардың әлеуметтік бастамасын көрсетудің бір түрі болып табылады, бұл олардың әлеуметтік-трансформациялық қызметке деген қажеттілігін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Олар әлеуметтік қызмет үшін полигон құрып қана қоймай, сонымен қатар әлеуметтік және азаматтық сезімдерді, жалпы тәжірибелерді, өзгеруге деген ұмтылыстарды көрсету мүмкіндігін жасайды.

Осылайша, жастар ұйымы жастардың көшбасшылық әлеуетін іске асыруға үлкен серпін береді. Қорытындылай келе, салауатты өмір салтын қалыптастыру белсенді, басқарылатын сипатқа ие болуы мүмкін, егер оның бастапқы жағдайы қамтамасыз етілсе, балалардың іс-әрекетінің мотивтерін қанағаттандыру үшін жақсы, жағымды жағдайлар жасалады, балалардың мотивтері мен құндылықтарын іске асыру эмоционалды күшейтіледі, жасөспірім оның білім беру іс-әрекетіндегі субъективті жағдайын біледі. Сондықтан жасөспірім кезеңінде балалардың денсаулығына деген ынтасын тәрбиелеу, олардың өмірлік мүдделерін салауатты өмір салтына бағыттау міндеттері басым болып табылады.

Спорт адамның өзіне деген сенімін, басым позитивті және стеникалық эмоционалды фонын, оптимизмін қалыптастыруға көмектеседі.

Спорттың көптеген басқа іс – шаралармен салыстырғанда ерекшелігі-спорт әрқашан белгілі бір қиындықтарды жеңуді қажет ететін қызмет болып табылады. Сондықтан спортшының көшбасшылық қасиеттерін тәрбиелеу оның жалпы психологиялық дайындығына кіреді. Спортшының жалпы психологиялық дайындығының негізгі міндеті келесі қасиеттерді дамыту және

жетілдіру болып табылады: мақсаттылық, тәртіп, сенімділік, бастамашылық, пәуелсіздік, батылдық, табандылық, өзін-өзі бақылау, табандылық.

Спорттық іс-шаралар нақты перспективалы және аралық мақсаттар қоюға, қозғалысты бақылауға, аралық мақсаттарға жету мерзіміне және перспективалық деңгейге байланысты олардың қызметін бағалауға мүмкіндік береді. Спорттың бұл ерекшелігі адамның мінез-құлқы мен жеке басының ерекшеліктерін қалыптастыруға белгілі бір әсер етеді, олар әдетте адамдар ескермейді, кәсіптің ерекшелігі бойынша спорттың адамның қалыптасуына қалай әсер ететінін ойламайды. Бұл адамның өзіне және өзіне деген сенімділігін дамытуға, мақсатқа жету мүмкіндіктерін дамытуға қатысты.

Әдебиеттер:

1. Карделл Ф. Психотерапия и лидерство. – СПб., 2000
2. Акимова Л.Н. Психология спорта: курс лекций. – Одесса, 2004.
3. Горская Г.Б. Ресурсы поддержания психического здоровья одаренных школьников в условиях ранней профессионализации. – Москва, 2010.

м.п.н., С.Қ. Бейсенбаев

ст.преподаватель кафедры ФиС

Аркалыкский педагогический институт им. И Алтынсарина

г. Аркалык, Казахстан

м.п.н., А.Б. Байзаков

ст.преподаватель кафедры ФиС

Аркалыкский педагогический институт им. И Алтынсарина

г. Аркалык, Казахстан

м.п.н., Ж.М. Атыгаев

ст.преподаватель кафедры ФиС

Аркалыкский педагогический институт им. И Алтынсарина

г. Аркалык, Казахстан

м.п.н.Расулов С.М.

КУ общеобразовательная школа № 4 им.Кейкі батыра,

г.Аркалык, Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИКТ НА УРОКАХ ФИЗКУЛЬТУРЫ

XXI век - век высоких компьютерных технологий. Это значит, что использование **ИКТ**(информационно-коммуникационных технологий) в школе - процесс объективный и вполне закономерный. Компьютер дома, в школе, в настоящее время, уже не роскошь, а средство для работы. Нужно ли использовать средства ИКТ на уроках физической культуры.

Использование ИКТ на уроках физической культуры - это полезная и интересная форма работы и для ученика, и для учителя. Думаю, интересна для творческих педагогов, которые готовы "добывать" необходимую информацию, систематизировать и наглядно достойно представлять её. Учащиеся лучше воспринимают эту информацию: "Лучше один раз увидеть, чем 100 раз услышать!". Ведь, согласитесь, навыки, приобретённые нами в молодости, теряют в качестве исполнения, если ты не занимаешься видом спорта систематически. Поэтому показать видеофрагмент, фотографию, схему иной раз бывает полезнее корявого показа двигательного действия! Учащиеся же, уже подготовлены к созданию презентаций и по заданию учителя делают их быстро. Интерес (нашего времени), считаю, состоит в том, чтобы от умения создавать

нами и учащимися презентации перейти к "осмысленному и глубокому" проектному методу, что предполагает затрату времени, творческую направленность, последовательность действий по перспективному плану, организационную работу в группах.

Специфика каждого предмета разнообразна, но общий принцип, задача учителя состоит в том, чтобы создать условия практического овладения знаниями. Применяя этот принцип к уроку физической культуры, можно отметить, что задача учителя, выбрать такие методы обучения, которые позволили бы каждому ученику проявить свою активность, своё творчество, активизировать двигательную и познавательную деятельность учащегося.

Одним из приоритетных направлений работы учителей физической культуры является повышение качества образования через использование информационных технологий на уроках и внеклассных занятиях наряду с традиционными формами обучения[1].

Уроки физической культуры включают большой объем теоретического материала, на который выделяется минимальное количество часов, поэтому использование электронных презентаций позволило мне эффективно решить эту проблему. Используя компьютерные технологии в образовательном процессе, урок проходит более интересным, наглядным и динамичным. Многие объяснения техники выполнения разучиваемых движений, исторические документы и события, биографии спортсменов, освещение теоретических вопросов различных направлений не могут быть показаны ученикам непосредственно. Поэтому необходимо использовать различные виды наглядности. Сам факт проведения урока физической культуры в кабинете, оснащённом компьютерной техникой, интригует детей, у них появляется внешняя мотивация. Компьютерная поддержка позволяет вывести современный урок на качественно новый уровень, повысить статус учителя, использовать различные виды деятельности на уроке, эффективнее организовать контроль и учёт знаний учащихся. За использованием информационных технологий будущее. Рано или поздно использование компьютера в учебной деятельности станет массовым, обыденным явлением[2].

Литература:

1. Дядюшкина Т.С. «Использование информационных технологий на уроках физической культуры» ИТО – Ростов -2010
2. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. М.1999г.

PHILOLOGICAL SCIENCES**Language, speech, speech communication**

**Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті ф,ғ,д Даутова
С.Б.**

**Баспаға Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университеті ф.ғ.д.
Сабыр М. Б**

**Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті ф,ғ,к
Оспанова Б.Р.**

ХАЛЫҚТЫҢ ӨЗІНДІК ЖӘНЕ ЭТНОМӘДЕНИ БЕЙЕСІНІҢ ӘДЕБИ ЖӘНЕ ТІЛДІК СИПАТТАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Алтын Орда әдебиетінің ментальдық, этномәдени ерекшелігіне және оның көркем әрі тілдік бейнеленуіне талдау жасау бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Жалпы қазақ жазба әдебиетінің дамуында Алтын Орда дәуірінде дүниеге келген "Нахдж-эл Фарадис", "Махаббатнаме", "Гүлстан", "Хұсрау мен Шырын" сияқты шығармалардың орны ерекше. Мұрағаттар тілі өте бай, ақыл-нақыл, қанатты сөздерге, мақал-мәтелдерге толы, тақырыптары да сан-алуан. Лексика-семантикалық сипаты күрделі. Жалпы жазба ескерткіштер тіліндегі мақал-мәтелдерді саралап зерттеудің, жинастырудың игі бастамасын бастаған профессор Ә.Құрышжанов болатын. Аға ғалым "...осыдан барып мақал-мәтелдер көбінесе "халық даналығы" деп аталады. Ежелгі түркі тілдерінде "аталар сөзі" деп те аталады, яғни бұл – "атадан мирас болып келе жатқан қазына" деген сөз" – дейді [1, 208]. Осы алтын қазынаның бір көмбесі Алтын Орда дәуірі жазба жәдігерліктерінде жатыр. Ұлы Абай даналығының бір тамыры осы асыл арна. Білім тақырыбы XIV ғасыр жазбаларындағы ең келелі мәселе. Сейф Сарайдидің «Гүлстан бит-түрки» шығармасына жүгінейік: илм икки жәхан көрки [Г,463]. Білім – екі дүниенің көркі; амалсыз алим балсыз занбурға охшар [Г,173а9]. Еңбегі жоқ ғалым балсыз араға ұқсайды. Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасында: Ариф билә олтурмақ жахилгә ерур зиндан, Жахил билә олтурмақ арифгә жәхәннәмдур [XIII, 11965]. Наданға ғалыммен бірге отыру – зындан, ал ғалымға наданмен бірге отыру – тамұқ. Бұл мақалдарда білім әрдайым надандыққа қарама-қарсы қойып нәтижелі ой түйіледі. Ұлы Абай да өмір бойы надандықпен күресті. «Ақыл сенбей сенбеңіз, Бір іске кез келсеңіз...Надандарға бой берме, шын сөзбенен өлсеңіз»,-деді.

Орта ғасыр ғұламалары жас ұрпақ тәрбиесіне өте көңіл бөлген. Сымға тартқан күмістей терең ой бүгінге дейін жалғасын тауып жатыр. Мысалы, Махмуд бин Алидің «Нахдж әл-Фарадис» атты прозалық шығармасында: Ақил

вә адәб билән тирикгил [НФ, 142a1]. Ақыл және әдеппен өмір сүр. Ал«Гүлстан бит-түркиде:»

Кичикликда адәб өгрәнмәгән ер улу болса, Бил андан хаир келмәс [Г, 442a1]. Бала кезде әдепке үйренбеген ерден. Өскенде еш хаир болмас. Ұлы Абай да ұлт тәрбиесіне баса назар аударды, жас ұрпақтың әдепті, инабатты болып өскенін қалады. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» шығармасында жастарға «керек іс бозбалаға – талаптылық, әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық» деп ақыл айтады.

Жас өскіннің адами тұлғасының қалыптасуында ұстаздың рөлі ерекше екенін байырғы түркілер жақсы білген:

Ата михриндән уста жәври йахшы [Г, 141b5). Ата мейірімінен ұстаздың қаталдығы жақсы. Абай атамыз да «Ұстаздық қылған жалықпас, Үйретуден балаға, ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға»-дейді. Рухы күшті, дені сау, білімді ұрпақ - ел келешегі, келбеті», - деген Елбасы Н.Ә. Назарбаев сөзінің мәні ерекше. Тәрбие тал бесіктен басталады десек те, Егемен еліміздің зияткер ұрпағын тәрбиелеуде ұстаздардың орны қашан да зор. М.Әуезовке жүгінсек «Абай адамгершілікті моральдық философияда барлық жайдан жоғары қояды». Толық адам ілімін ұсынады. «Әуелде бір суық мұз-ақыл зерек» өлеңінде: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста Сонда толық боласың елден ерек» ,-деп, өзгелерден жоғары тұру үшін ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстау керектігін ескертеді. Бұл үшеуі бір-бірінен сүйенсе кемелдікке кенелері хақ. «Абайдың толық адам туралы ілімінің өзегі-ақыл, әділет, рахым деген терең ғылыми мағына беретін, тереңіне құрық бойлай бермейтін ой-пікірлерінің мән-мағынасы аса зор күрделі мәселелер», -дейді абайтанушы М.Мырзахметұлы [2]. Бұлардың түп-төркіні ежелгі және орта түркілік ойшыл, даналық әдеби мұраларды жатыр.

Жақсылығың жамандық болып қайтса ер жігіт тәубасынан жаңылады емес пе. Тап осы кемеңгер, тағдырлы танымның ой көшінің керуен басын орта ғасыр жазбаларынан да көреміз:

Оң илмин өгрәниб кеткән, ақибат
қылды нишана мәни [Г, 39a1].

Менен мылтық үйренді, кейін
мені нысана қылды.

Мақал-мәтелдер – түркі халқының даналық шыңы. Бабадан қалған ескі сөздің, есті сөздің тарихта пайда болу, қалыптасу кезеңі бүгінгі дәуірден қанша алыс кетсе, Ұлы Абайдың кемеңгер ойшылдығы, ой зергерлігі, сөз көсемдігінің қайнар көздері де соншалық тереңде жатыр. Даналық өлең жолдарын сиқыр сөзбен әдіптеген Абай поэзиясы шеберліктің, көркемдіктің тың үлгісі болды. Өлең сөздің патшасын алтын тағына отырғызды. Қазақ ғалымы А.Ибатовтың пікірінше: "Абай поэзиясының көркемдік шеберлігін байыту ісіне тек қазақ халқының өзіндік мол туындылары мен шығыс әдебиетін қазақша қайта жырлау ғана емес, XII-XVI ғасырларда Орта Азия мен Қазақстан, Египет жерлерінде пайда болған сан алуан жазба ескерткіштердің өзіндік үлесі,

игілік әсері болған". XIII-XIV ғасырлардағы түркі халықтары әдебиетінің озық үлгісі Хорезмидің «Махабатнаме» дастаны. Мазмұнында қайта өрлеу дәуірінің идеялары бар жәдігерліктің Абай шығармашылығына ықпалы болмады деп айта алмаймыз. Алма Қыраубаева «Хорезми жер бетіндегі қызықтың бәрі о дүниелік өмірдің қасында түк емес деп уағыздамайды, қайта мұнда адамның қасиетті сезімін, адамгершілікті, асыл махабатты ардақтап, сүю бақытын басқа қияли қызықтарға айырбастамайтынын жыр етеді», - дейді [3]. Шайыр адамның ішкі жан дүниесін, махабатты, сұлу қыздың бейнесін еркін суреттейді: Күлгенінде оймақ ернің үлбіреп, Сонда сені пері көрсе, ол да мендей телміреп.

Бұл дәстүр Абай поэзиясында жаңа қырынан жарқырады. Ақын махабатты, сұлулықты жырлауда адамның ішкі жан дүниесімен астастырып, тағдырмен, адам өмірімен сабақтастырып жырлады. Оның махабат лирикасы бұрын соңды түркі, шығыс әдебиетінде болмаған ерекше дүниелер. «Қақтаған ақ күмістей кен мандайлы», «Білектей арқасында өрген бұрым» өлеңдер сұлу қыздың бейнесін жасаудың озық үлгісі. Абайдың эстетикалық идеалы тән сұлулығы мен жан сұлулығы бір бойынан табылған жандар. «Қызарып, сұрланып», «Көзімнің қарасы», «Сен мені не етесің» өлеңдері ғашық жанның ішкі психологиялық жан дүниесін бере білуімен, Аллатағаланың адамзатқа берген сыйы сүйіспеншілікті, асыл сезімді бейнелеуімен аса құнды. Абайдың жазба ақын ретінде қалыптасуына игі әсер еткен жәдігерліктің бәрі Құтыптың "Хұсрау мен Шырын" поэмасы. Жас кезінен Фирдоуси бастаған шайырларына табынып, өлеңдерін тұшына оқып өскен Абай "Хұсрау мен Шырын" поэмасын білмеді деп айту қисынсыз. Себебі "Хұсрау мен Шырын" оқиғасын алғаш жырлаған Фирдоуси болатын. XI ғасырда Низами "Хұсрау мен Шырын" поэмасын парсы тілінде жырлады. XIV ғасырда Құтып бұл поэманы өз халқының тұрмыс-дәстүріне лайықтап қыпшақ тілінде жазып шықты. Поэманың мазмұны Хұсрау деген жігіт пен Шырын есімді қыздың арасындағы сүйіспеншілік, шынайы махабат тақырыбында құралған. Онда арамдық пен зұлымдық та, қастандық пен сатқындық та, өсек те, өтірік те жырланады. Ақырында әділдік пен таза сезім үстемдік болады. Бір жағынан Абай поэмаларымен үндесіп жатады. Ал екі ақынның тіліне үңілсек, екеуінің поэзиясында да ұшырасатын ортақ фразеологиялық оралымдарды айқын көреміз. Фразеологиялық оралым деп кемінде екі сөздің тіркесуінен жасалған, мағынасы біртұтас, құрамы мен құрылымы тұрақты, даяр қалпында қолданылатын тілдік единицаны айтамыз.

"Хұсрау мен Шырын" поэмасында екі жүзге тарта фразалық оралымдар бар. Олардың ішінде эпостық және тұрмыс-салт жырларында жиі кездесетін "сұлу" деген сөздің баламасы ретінде айтылатын *ай йүзім* (ай жүзім), *толун ай* (толған ай), немесе *ністе ағыз* (оймақ ауыз) деген сияқты фразалар жиі кездеседі. Ескерткіштегі осында қолданыстар Абай поэзиясында да өте жиі ұшырайды. Мысалы, Құтыпта: Көңіл қушы бу ғашық отында учар, Хайалы ол Шырын Хусрауыны кучар. деп, *көңіл құшы* туралы айтылса, Абайда, Көңіл құсы құйқылжыр шар тарапқа, Адам ойы түрленіп алған шақта деген сияқты *көңіл құсы* түрінде мағыналық тұлғалық жағынан дәлме дәл келіп, Құтыпта да, Абайда да бұл фраза "өткір қиял" деген мағынада айтылып отыр. Немесе: *сынық көңіл*

оралымы Құтыпта: Мені қадғуымда аз хор қылғыл, Сынуқ көңілүмні бәс азар қылғал түрінде айтылса, Абайда: Сынық көңілім көп кешер, Майда қолмен ұстасаң, деп келеді. Осындай *сынық көңіл* деген фраза Құтыпта да, Абайда да жабырқаңқы, қайғылы көңіл күйді білдіреді. Кей кезде Абай Құтып қолданған кейбір фразеологиялық оралымдарды түрлендіріп, құлпырта пайдаланады. Мәселен, Құтыпта *көңул соңқуры*(көңіл сұңқары) деп айтылса, Абайда "көңілдің жайлауы", "көңілдің күні" болып баяу қаныққан, жаңаша өсіп жетілген оралымдар арқылы беріледі. Лай суға май бітпес қой өткенге, Күлеміз қасқыр жалап дәмектенге. Сол қасқырша алақтап түк таппадым, Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе? немесе: Көңілімнің күні өткен соң, Жалғанда болмас жұбаныш. Әдетте, тіл білімінде фразеологиялық оралымға өте-мөте тән, басты белгі-оның даяр қалпында жұмсалуды. Бірақ, поэзияда мұндай оралымдарды ақындар өз қалауынша иіп әкеп, өзгертіп те қолданады. Мысалы, Құтыптың: Біліліг һәм көріші йінчкә қылты, Сөзічрә қыл йарар елі ошол бег, деген бәйітінде *қыл йарар*(қыл жарар) фразасы білімді адамның көргіштігі қылдай болса, бектің бірлілігі сол қылдың өзін жарып тастағандай еді деген мағынаны білдіру үшін айтылып тұр. Қазақта әділ адамды «қара қылды қақ жарған» деп айтатыны білеміз, ал Абай осы фразаны өзінше қолданған. Мысалы: Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек, Әр нәрсеге өзіндей баға бермек,-дегенде Құтып сияқты білгірлікті дәріптеп отыр. Бірақ, фразаның құрылыс жағынан екеуінде екі түрлі қолданыс бар. Құтыпта "қыл йарар" болы екі сөзден құралса, Абайда "қылды қырыққа бөлмек" түрінде айтылып үш сөзбен беріліп тұр. Екі дәуір ақындарының поэзиясына тағы бір үңілсек, Абайдағы:

Жас жүрек жайып саусағын, Талпынған шығар айға алыс-дегендегі *айға талпыну* фразасы Құтыптың: Еліг көндені айға сунса болмаз, Аңар қодырлайлық етіб мүнсе болмаз-дегендегі "елігі айға сунса" деген фразасымен мағыналы жағынан өзектес келеді. Мінеки, бұл оралымдар-орта ғасырлық жазба әдебиеттің мұрасының мөлдір тұнығын қанып ішкен Абайға ғана тән, жаңа үлгілер, екеуіне ортақ, жазба әдебиетке ғана тән сөз қолданыстары. Демек, Абай орта ғасырлық түркілік жазба әдебиетпен, Алтын Орда мұраларымен жақсы таныс болған. Тек танып, біліп қоймай тереңдей оқып, меңгерген. Даналық бұлағынан қанып ішкен. Көне түркі дәуірінен тамыр алып, орта ғасырларда, Алтын Орда әдебиетінде жан-жақты жетілген, түркі дүниесінің рухани ұстанымына айналған мәдени-көркемдік кодтар ұлы Абай поэзиясында жаңаша өріс тапты, көркем сөзбен өрнектелді. Тереңнен тартылған алтын тамыр, өнер, дәстүр сабақтастығы, мәңгілік елдің өшпес рухы- осы. Жалпы осы кезеңдегі түркі сөздеріне келетін болсақ, «Хұсрау мен Шырын» поэмасы аралас тілде жазылған. Көптеген ғалымдардың пікірінше XI–XV ғасырларда түркі тіліндегі әдебиеттер аралас тілде жазылғаны белгілі. Бұлай болуы заңды құбылыс. Ол дәуірде қазіргі ұлт тілдерінің ара-жігі ажыратылмаған еді. Тайпа тілдерінің өз ерекшелігі болғанымен, бір-бірімен тығыз байланыста болып, мидай араласып жататын. Сондықтан аталмыш жазба жәдігерлік тілінде оғыз-қыпшақ және қарлұқ-ұйғыр элементтерінің жарыса қолданылған .

Проф. Б.Сағындықұлы орта ғасыр жазба ескерткіштерінің лексикасындағы түркі сөздерін архаизмдер және қазіргі тілдерде сақталған сөздер деп екіге бөліп қарастырады [4]. Бізде осы жолмен, яғни қазіргі қазақ тілі тұрғысынан «ХШ» поэмасындағы түркі сөздерін екіге бөліп қарастырдық. Ескерткіште көне сөздер өте көп. Оларды мағынасына, фонетикалық сипатына қарай екі топқа жіктеп зерделеуге болады: 1. Қазіргі түркі тілдерінде мағынасы мен тұлғасы ішінара өзгеріске ұшырап сақталған көне сөздер. 2. Қазіргі тілдерде мүлде кездеспейтін көне сөздер.

Бірінші топқа тоқталатын болсақ, ескерткіш лексикасының түркі бөлімінің өте күрделі екендігі аңғарылады. Мұнда түркі тілдерінің белгілі бір диалектісіне тән сөздерде, екі-үш диалектіге ортақ сөздер де әр түрлі фонетикалық, семантикалық өзгеріске ұшыраған күйде кездеседі. Басты фонетикалық ерекшеліктерінің бірі ,з (ʒ) белгісі. Э.Наджиптің пікірінше “Значительное количество слов, не будучи архаическим, несет на себе какие-либо архаические признаки [4, 89].

«ХШ» да көптеген сөздер ,з белгісі бойынша көне сөздер болып есептеледі. Мәселен, а,зақ (аяқ), а,зыр-(айыр-), ба,зүк (биік), кә,зик (киік), кә,зим (киім), у,зы (ұйықта-), ы,зла - (жұл) т.б. Әсіресе көзге түсетін құбылыс – д мен й дыбыстарының жарыса қолданылуы: адақ ~ аяқ (аяқ), адрыл ~ айрыл, кәд~кәй (ки), бод ~ бой т.б. Кейде ,з~д~й сәйкестігі де байқалады: қа,заш~қадаш-қайаш (туыс) и,зи – иди – ийи (құдай) т.б.

– Үкуш сувсалы сағымны сувсаныб, олар сусуз йүгүрмәкдин усаныб ”шөлдеген адам сүтті су деп ойлайды, олар сусыз жүгіруден шаршаған” (42б14). Нечә ким мәйвә хам ерсә улалур, әгәр көб бишсәтөклу оқ йоқалур “піспеген жеміс жетілер, ал піскендер төгіліп түсер(105а15). Осы сөйлемдердегі сувсалы, улал сөздері көнелігімен ерекшеленеді. Соңында ғ дыбысы сақталған көне тұлғалы сувсағ (шөлдеу) сөзі де осы жәдігерлікке тән. Бірқатар сөздердің соңында ғ дыбысы сақталған: йапурғақ (жапырақ), йоғурған (көрпе), отағ (отау), сылтағ (сылтау), бойағ (бояу) т.б.

Қазіргі түркі тілдерінде мүлде кездеспейтін көне сөздерді екінші топқа жатқызамыз. Ескерткіш тілінде қолданылып, бірақ біздің заманымызға жетпеген бұл сөздердің көпшілігінің төркіні ескі ұйғыр тіліне барып тіреледі. Ескі ұйғыр тілінің өмір сүрген дәуірі мен таралған аймағының көлемі туралы әр түрлі пікірлер бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Құрышжанов Ә. Сөз атасы. –Алматы.:Жазушы,1987ж.

2 Мырзахметұлы М. Абайтану. – Астана.: Interactiv Kazakhstan,2014ж.

3 Сағындықов Б. Сравнительный анализ лексика-тюркоязычных памятников XIV века. Автореф. дисс... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1977.

4 Наджип Э.Н. Историко-сравнительный словарь XIV века. На материале “Хусрау уа Ширин” Кутба и его язык. - Москва, 1979. - 478с.

5 Қайдаров А. Т. Развития современного уйгурского литературного языка. Ч.І. – Алма-Ата: Наука, 1962.

MEDICINE

Гавриков И.К.

резидент 1-го года обучения, специальности 7R019117 «Анестезиология и реанимация, в том числе детская»

(ПФ НАО «МУС» г. Семей Республика Казахстан)

Научный руководитель: к.м.н. Мамыров Д.О.

(ПФ НАО «МУС» г. Семей, Республика Казахстан)

СРАВНЕНИЕ МОДЕЛЕЙ СИСТЕМ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РАЗЛИЧНЫХ СТРАН С СИСТЕМОЙ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Здравоохранение является наиболее важной и в большей мере первостепенной отраслью развития государственного управления. От успешной реализации и применения планов развития здравоохранения напрямую зависит здоровье и благосостояние каждого гражданина Республики Казахстан. В современных реалиях система здравоохранения Республики Казахстан должна быть готова качественно, своевременно и в полном объеме оказывать соответствующую помощь своим гражданам. Наша Республика является относительно молодым государством, после развала СССР произошла прогнозируемая смена устройства системы здравоохранения. Поэтому нам необходимо плодотворно сотрудничать с нашими коллегами из разных стран, перенимать их опыт в устройстве системы здравоохранения, чтобы прийти к максимально эффективному результату в построении новой, качественной и действенной системы здравоохранения.

Экспертами Всемирной Организации Здравоохранения (ВОЗ) (S. Nakansson, B. Majnoni, D'Intignano, G.H. Mooney, J.L. Roberts, G.L. Stoddart, K.S. Johansen, H. Zollner) предложена классификация, по которой различается три первичных типа систем здравоохранения: Современное медицинское страхование Германии в целом сохранило основные принципы бисмарковской организации системы здравоохранения.

Финансирование осуществляется путем консолидации средств из различных источников: 60% средств, поступающих в ЛПУ, - это средства обязательного медицинского страхования (ОМС), из них 25% - это страхование членов семей трудящихся; 10% - средства добровольного медицинского страхования (ДМС), 15% - государственные средства за счет налогообложения, 15% - личные средства граждан.

В свою очередь, фонды ОМС формируются за счет трех источников: государственного бюджета, взносов работников и работодателей. Средний размер взносов на медицинское страхование в 90-ых годах составлял 13% по отношению к фонду оплаты труда (ФОТ). Выплачиваются взносы работодателями и работниками равными долями, т. е. по 6,5%.

Денежные средства производителям медицинских услуг в Канаде поступают из одного источника - системы национального страхования, которая аккумулирует средства

трех фондов: федеральных фондов и фондов провинциальных бюджетов; фондов частных страховых компаний; добровольных пожертвований.

Сфера деятельности частных страховых компаний ограничена, им позволяется страхование лишь тех услуг, которые не включены в планы обязательного медицинского страхования (ОМС), например, частные больничные палаты, услуги косметической хирургии.

В основном провинции аккумулируют свои фонды для здравоохранения из общих провинциальных налогов, но в ряде провинций (Альберта, Британская Колумбия) жители выплачивают специальный страховой взнос, а в провинции Квебек работодатели и работники выплачивают специальный налог на заработную плату для целей медицинского страхования.

В Канаде существует два плана медицинского страхования. Первый охватывает стационарные услуги, второй - услуги врачей.

Большинство стационаров и врачей в Канаде являются частными, врачи оплачиваются на основе гонорара - за услугу. Однако, тарифы на медицинские

услуги регулируются правительством и ежегодно пересматриваются. Государство не заинтересовано в увеличении тарифов на медицинские услуги, так как рост стоимости лечения потребовал бы увеличения размеров государственного финансирования, а, следовательно, повышения налогов, что является непопулярной мерой. В Канаде предусмотрено финансовое наказание для провинций, лояльно относящихся к врачам, взимающим со своих пациентов дополнительные сборы сверх установленных тарифов. Здравоохранение Японии представляет большой интерес в связи с тем, что этой стране удалось в сравнительно короткий срок достигнуть самых высоких показателей здоровья населения, хотя, не в последнюю очередь, это связано с условиями и образом жизни. Япония является первой страной Азии, где в 1961 г. было введено страхование здоровья в общенациональном масштабе, хотя ряд законов о страховании, частично компенсировавших расходы на медицинское обслуживание, был принят намного раньше: в 1922 г. - об обязательном страховании служащих, в 1938 г. - о национальном страховании здоровья, в 1939 г. - о страховании моряков, в 1953 г. - о страховании поденных рабочих. В настоящее время в Японии сложилась общественная система охраны здоровья, включающая общественную гигиену, социальное обеспечение, медицинское страхование, медицинское обслуживание некоторых групп населения за счет средств государства. Национальная система страхования здоровья охватывает в основном мелких собственников и членов их семей, инвалидов и других неработающих лиц (всего около 45 млн. человек). Страховой взнос с них взимается местными органами самоуправления или Ассоциацией национального страхования здоровья. Этот взнос зависит от места жительства, дохода, недвижимого имущества, размера семьи. 40% суммы пособий по временной нетрудоспособности составляют дотации государства. Пособия предоставляются в виде денежных выплат и льготной медицинской помощи. Максимальный размер льгот может составить до 90% стоимости лечения (10% платят сами пациенты). Льготы для иждивенцев

не превышают 70% стоимости медицинского обслуживания. Пребывание в больнице как самих застрахованных, так и их иждивенцев страховые органы оплачивают на 70%, остальную сумму пациент выплачивает наличными деньгами при получении медицинских услуг. При очень высокой стоимости лечения пациенту возмещаются расходы сверх установленного максимума. Полностью за счет пациента оплачиваются лекарства, пост частной медицинской сестры, пребывание в отдельной палате. Оплата медицинской помощи производится по счетам медицинских учреждений, ежемесячно предоставляемым по линии социального страхования. Предварительно эти счета проверяют консультанты-медики для установления рациональности оказанных услуг. Расчет производится по тарифам на медицинские услуги и лекарства, утвержденным Министерством здравоохранения и социального обеспечения.

В отличие от других стран, казахстанская медицина на сегодняшний день имеет бюджетную модель с относительно слабыми элементами добровольного медицинского страхования. Качество медицинских услуг с введением ОСМС однозначно повысится. Для этого будет реализован комплекс мер: – создана Объединенная комиссия по качеству; – перераспределение функций в сфере управления качеством, включая расширение привлечения НПО; – усиление функции экспертизы оказанных услуг со стороны Фонда, а также привлечение иностранных специалистов в данной области; – обеспечение условий для дальнейшего развития конкуренции среди поставщиков медицинских услуг; – включение индикаторов качества в договора между Фондом и поставщиками медицинских услуг и их увязка с уровнем финансирования и другие эффективные инструменты. Согласно законопроекту гражданам будет предоставляться 2 вида пакетов медицинских услуг: Первый – базовый пакет представляет собой гарантированный государством объем медицинской помощи, финансируемый из республиканского бюджета. Этот пакет будет доступен всем гражданам Казахстана. Он включает скорую помощь и санитарную авиацию, медицинскую помощь при социально-значимых

заболеваниях и в экстренных случаях, профилактические прививки. Для непродуктивно самозанятого населения до 2020 года предусмотрено предоставление амбулаторно-поликлинической помощи с амбулаторно-лекарственным обеспечением за счет средств республиканского бюджета. Второй – страховой пакет, предоставляемый из вновь создаваемого Фонда медицинского страхования. В него входит: амбулаторнополиклиническая помощь, стационарная помощь (за исключением социально-значимых заболеваний), стационарозамещающая помощь, восстановительное лечение и медицинская реабилитация, паллиативная помощь и сестринский уход, высокотехнологическая помощь. Право на получение данного пакета предоставляется гражданам, иностранцам и лицам без гражданства, постоянно проживающим на территории РК, за которых перечислялись взносы. При этом государство будет осуществлять взносы за экономически неактивное население. Работодатели будут перечислять средства за наемных работников. Работники и самозанятые граждане, зарегистрированные в налоговых органах – за себя. В дополнение к этим пакетам, граждане, при участии в добровольном страховании, могут получить медицинские услуги на договорной основе.

Выводы: Сравнивая опыт наших зарубежных коллег и партнеров, можно прийти к выводу что системе здравоохранения Республики Казахстан потребуется много времени и ресурсов, а также определенного рода реформ для успешной реализации намеченных планов и эффективной работы. Необходимо грамотно структурировать систему в целом, начиная от самых рядовых работников и заканчивая высшими чиновниками системы здравоохранения, необходимо исключать на всех уровнях систематические ошибки и умышленные правонарушения, и преступления различного рода, так как они рушат всю систему в целом. Необходимо повышать уровень образования и квалификации каждого медицинского работника, так как именно они являются структурными единицами системы. Нужно обеспечить полную материально-техническую базу для каждого медицинского предприятия, так как это на прямую влияет на

качество оказываемых медицинских услуг. По моему мнению министерство здравоохранения Республики Казахстан выбрало правильный вектор развития системы здравоохранения. Нужно привлекать инвестиции из вне, а не складывать всю материальную ответственность на плечи государства. При грамотном менеджменте в системе здравоохранения можно добиться больших успехов в сохранении и поддержании здоровья и благополучия каждого гражданина Республики Казахстан.

Список использованной литературы:

1. Системы здравоохранения: время перемен, Том 14 (4) ISSN 2072-3555
2. Внедрение обязательного социального медицинского страхования в Республике Казахстан Г.Н. Изимбергенова, Г.Ж. Гумарова УДК:614.2 (574)
3. Agency of Statistics (2018). Accessibility of health care services survey. Astana, National Statistical Agency.
4. Agency of Statistics (2016). Kazakhstan in 2018. Annual report. Astana, Agency of Statistics. Agency of Statistics (2016).
5. Analytical report: the population's incomes and expenditures in 2017 by oblasts. April. Astana, Agency of Statistics (http://www.stat.kz/publishing/Pages/UZHN_2017.aspx, accessed 17 July 2017).
6. Кульжанов М., Healy J (2019). Системы здравоохранения: время перемен. Казахстан. Копенгаген, Европейская обсерватория по системам здравоохранения.

MUSIC AND LIFE

Music: learning and teaching

Аға оқытушы Карсыбаева А.М

ОҚМПУ, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚТЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ЖИНАҚТАЛУЫ

Өткен ғасырда өмір сүрген халық музыка өнерінің өкілдері жан-жақты қабілетті, көпшілігі өз уақытының білімді де білгір адамдары болды, бәрі дерлік сауатты еді, ал, кейбіреулері басқа да халықтардың тілін білді. Алайда нота жазу жүйесінің болмауы олардың өз шығармасын қағазға түсуіне мүмкіндік бермеді. Композиторлар, ақын, әнші әрі халық аспаптарында ойнаудың профессионал шеберлері бола отырып, көркемдік жағынан жетілген әндері мен күйлерін ауызша түрде шығарды. Халық олардың шығармаларын сүйіп тыңдады және тез жаттап алды, себебі ол шығармалар халықтың эстетикалық көзқарасына сәйкес келетін, олардан халықтың күнбе-күнгі өмірінің, күресінің, келешек туралы ой-армандарының көркем суретін табуға болатын еді.

Қоғам өміріндегі маңызды оқиғалар халық музыкасын жасаушылардың шығармаларына негіз болып, әрдайым жұртшылықтың шынайы ілтипатына бөленіп отырды. Сондықтан композиторлардың шығармашылық өмірбаяны көрініс тауып, шығармаларына талдау берілетін, оның қоғамдық ортаға деген қарым-қатынасына байланысты басқа да мәселелер туралы еңбектер жазу музыкатану ғылымы алдында тұрған міндеттердің бірі еді. Алайда бұл жұмыста едәуір қиындықтар да болды. Өйткені халық өнерінің қайраткерлері жеке басы және қоғамдық маңызы бар үлкен оқиғаларға толы өмірлері жайлы естеліктер қалдырған жоқ, олардың шығармалары шәкірттері мен ізін қушылардың репертуарында, ал өмірбаяндық деректер халық аузында әр түрлі нұсқаларда сақталды. Олар туралы сирек те болса архивтерде кездесетін құжаттарда композиторлардың өмірі немесе олардың маңайындағы адамдар жайлы жанама деректер ғана табылатын. Сондықтан революцияға дейінгі өнер қайраткерлерінің өмірі мен қызметін зерттеушілер, негізінен, халық аузында айтылып жүрген мәліметтерге, әңгімелерге сүйенді. Ал уақыт өткен сайын көптеген ауызша фактілер өзгерістерге ұшырап, басқаша баяндалып отырды. Сол себепті де ғалымның міндеті бар автордың шығармасын тауып қана қою емес, сонымен бірге оны білетін адамдарды анықтау, олардың әңгімесін жазып алу, шындыққа сәйкес келетін деректерді іріктеу және архивтік деректермен салыстыру, музыкалық шығармаларды талдау арқылы автордың өмір жолын баяндау, шығармашылығына сыни көзқараспен баға беру болып табылады. Міне, дәл осылай аса күрделі жұмысты А.Жұбанов атқарып еді.

А.Жұбановтың «Замана бұлбұлдары», «Құрманғазының өмірі мен творчествосы», «Ғасырлар пернесі», «Ән, күй сапары», сондай-ақ «Құрманғазы Сағырбаев. Күйлер», «Дәулеткерей Шығаев. Күйлер» атты монографиялық зерттеу еңбектері оның ғылыми қызмет ауқымын айқындайтын дәлелдер болып саналады.

Қазақтың музыкалық фольклорының жазылу, жинау, зерттелу тарихын сөз еткенде, есімін үлкен мақтанышпен ауызға алатын білікті ғалым, көрнекті музыка қайраткері Борис Григорьевич Ерзакович. Шығармашылық жолын сонау отызыншы жылдары бастаған музыканттың еңбектері республикада ғана емес, бұрынғы Одақ көлеміне де кеңінен танылды. Ол, жоғарыда атап өткен А.В.Затаевич, А.Қ.Жұбанов сияқты, халықтың музыка мұрасын көздің қарашығындай сақтаған қамқоршы жан екендігін танытты. Көп жылғы ізденістердің нәтижесінде ғалым қазақ музыка тарихы мен теориясын, оның эстетикалық құндылығы жайында баяндайтын бағалы еңбектерін жариялады. «Абайдың музыкалық мұрасы» (1954), «Кенен Әзірбаевтың әндері» (1955), «Қазақтың лирикалық әндері» (1955), «Қазақтың советтік халық әндері» (1959), «Қазақ халқының ән мәдениеті» (1966), «Біржан сал» (1982), «Ақан сері» (1962), «Мұхит әндері» (1960) және басқа этнографиялық жинақтары мен зерттеулері-Б.Ерзаковичтің халықтың ән, күй байлығын игеруге атсалысып, бұрын қағаз бетіне түспеген неше алуан фольклорлық озық үлгілерді айтулы музыканттардың орындауынан жазып алған еңбегінің жемісі. Соның арқасында оқырман қауым қазақтың классик әнші, күйші, композиторларының өмірімен тереңірек танысуға мүмкіндік алды.

1960-1970 жылдары Қазақстанда халық музыкасын жинау, олардың үздік үлгілерін музыкалық-этнографиялық жинақтарда жариялау жөнінде елеулі жұмыстар жүргізілді. Жаңа басылымдарға әндер мен күйлер өздері тараған аймағына, жер жағдайына емес, жанрына қарай жүйеленді. Бұлай жүйелеу белгілі бір жанрға жататын шығармалардың идеялық мазмұнын толығырақ ашып, олардың музыкалық тілінің стилі туралы мол мағлұмат береді. Бұл ретте Т.Бекхожинаның «Қазақтың 200 әні» атты музыкалық-этнографиялық жинағын ерекше атаған жөн. Мұнда Қазан төңкерісіне дейінгі дәуірдегі эпикалық, тұрмыс-салттық жырлар мен тарихи аңыздардың, ертегілер мен мысалдардың тақырыбы мен сюжетіне жазылған әндер, сондай-ақ кеңес заманында жарық көрген әндер топтастырылған. Т.Бекхожинаның қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген бұл жинағы мамандардың жоғары бағасына ие болды.

«Өнер» баспасы шаңырақ көтергелі бері халық музыка мұрасын жарыққа шығаруды айтарлықтай жұмыстар атқарды. Бұл арада олардың бәріне талдау жасау мүмкін болмағандықтан, ән жинақтарының кейбіреулеріне ғана тоқталып, шолып өтуді жөн көрдік.

«Қаратау шертпелері» (1975) аталатын күйлер жинағы – Оңтүстік Қазақстан өңірі аспапты музыкасының қырыққа жуық үлгісінің басын біріктірген тұңғыш кітап. Күйлерді нотаға түсірген – домбырашы Мұхит Айтқалиев, құрастырған және алғысөзін, түсініктерін жазған – Жаулыбай Иманалиев. Мұнда Сүгір, Төлеген, Барқы, Майлықожа және Ф.Үрмізовтың

бұрын баспа бетін көрмеген шертпе күйлері орын алған. Атап, айтқанда, Төлеген Момбеков, Генерал Асқаров және Сейтқан Әлімбековтың орындауындағы Сүгірдің «Қосбасар», «Шалқыма», «Бес жорға», «Аққу», «Жолаушының жалды қоңыры», «Майда қоңыр», «Телқоңыр» атты күйлері, сондай-ақ Т.Момбековтың «Қат-қабат», «Асу», «Қаратау шертпесі», «Толқын», «Мыңжылқы», «Бозінген», Бапыштың «Ыңғайтөк», Ф.Үрмізовтың «Шертпе», «Тепеңкөк» басқа да күйлері шығу тарихымен қоса берілген.

Екі ішекті алма-кезек іліп-қағып тартатын шертпе күйлерді нотаға түсіру кез келген күйшінің қолынан келе бермейтін өнер десек, бұл орайда сан алуан қағыста келетін, неше түрлі иірімдерге толы күйлерді жазуда М.Айтқалиевтің білімді, тәжірибелі музыкант екендігі бірден аңғарылады.

Жинақтағы «Жеке күйлер туралы түсініктер», «Сүгір және оның орындаушылары», «Төлегеннің күйлері», «Қыз туралы аңыз», «Сейфолла шерткен екі күй» дейтін түсініктерінде күйлердің белгілі оқиғаларға байланысты туған әңгімелері де қызғылықты. Ең алдымен күй оқиғасын айтып алып, содан соң шығарманы орындау тыңдаушысына өзгеше әсер қалдыратыны белгілі. Бұл қазақ күйлеріне ғана тән нәрсе. Осыған қарағанда Сүгір Әлиевтің «Жолаушының жалды қоңыры», «Аққу», «Шалқыма», «Бес жорға» мен «Қосбасар» күйлеріне байланысты тарихи деректер келтіруі ұтымды. Сүгір күйлерінің майталман орындаушысы, өз жанынан күй шығаратын халық композиторы Т.Момбековтың шығармашылығы да оқушыларды сөзсіз қызықтырады.

Қазақ музыка фольклорын өзінің композиторлық қызметінде білгірлікпен қолданып, артына «Біржан –Сара» операсы тәрізді өшпес мұра қалдырған музыка қайраткері-Мұқан Төлебаев. Мұқанның әр кезде қағазға түсірген әндерін ұқыптылықпен жинап алып, құрастырған, алғысөзі мен түсініктерін жазған Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының доценті Нұрғиян Кетегенованың редакциясымен «Мақпал» атты ән жинағы 1979 жылы жарық көрді. Мұнда Абай, Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Қосымжан тәрізді халықтың классик әнші-композиторларының түрлі мазмұндағы шығармаларымен бірге, бірнеше халық әндері де орын алған. Бұл кітаптағы әндер үлгісі Мұқан секілді дарын иесінің қазақтың музыкалық фольклорына деген ықылас, ілтипатын ғана емес, оны қаншалықты терең меңгере білгендігін айқын дәлелдейді.

Құрастырушы жинақтағы материалдарды екі түрге бөліп сұрыптайды. Бірінші бөліміндегі шығармалар туған өлке табиғатын, қоршаған ортаны бейнелейтін, еңбек тақырыбын жырлайтын, бір сөзбен айтқанда, адамзат тіршілігімен байланысты лирикалық әндер. Ал екінші бөлімінде өндірістік және әскери патриоттық тақырыпты қамтитын әндерге орын берген. «Мақпалды» оқығанда ойды қозғайтын ұтымды біржағы жинақтағы әндердің әуендік, формалық, ладтық ерекшеліктеріне сүйене отырып, белгілі бір теориялық қорытынды жасауға болатындығы. Біздің тағы бір байқағанымыз: М.Төлебаев осы шығармаларды өзінің шығармаларында кеңінен пайдаланып қана қоймай, қиялына қанат бітірген, шабытына шабыт қосқан рухани бұлақ көзі деп таниды. Осы күнге дейін Махамбет Өтемісұлын жалынды ақын, Исатайдың сенімді

серігі, халқы үшін күрескен азамат деп келсек, соңғы жылдары оның тамаша күйші композитор, домбырашы болғандығын танып отырмыз. Ғасыр белінен асып, біздің заманымызға жеткен Махамбет күйлерін бұзбай-жармай сақтап келген – ауызша тараған күйшілік дәстүр. Махамбет күйлері 1982 жылы «Шашақты найза, шалқар күй» атты жинақта тұңғыш рет жарық көрді. Кітапқа «Қайран Нарын», «Жұмыр-Қылыш», «Исатайдың ақтабаны-ай», «Шілтерлі терезе», «Өкініш», «Жайық асу», «Қиыл қырғыны» және басқа да күйлері енген.

Жинақта бұлардың жиналу, жазылу тарихы, күйлердің белгілі бір оқиғаға байланысты шыққан аңыз -әңгімелері, оларды ұнтаспаға жазғызған күйшілер туралы мәліметтер, Махамбет күйлерін насихаттап, орындаушылардың қызметтерін қызметтерін баяндайтын түсініктер қоса берілген. Жинақтағы кіріспе іспеттес мақалаларды оқып шыққаннан кейін, күйшінің өмір сүрген дәуірі және өмірбаяндық деректерімен кеңінен танысып, күйлердің қандай жағдайда туып, нендей оқиғаларға құрылғандығы жөнінде жеткілікті мағлұматтар аламыз.

Жинақ алғысөзінің авторы жазушы Әбіш Кекілбаев пен кітапқа күйлер тарихына байланысты деректерді арқау еткен «Жебелі ақынның жеті күйі» деген мақаласы енген ғалымдар Н.Көшекбаев пен М.Ісмағұловтар күрескер композитор шығармаларының сырларынан көп мағлұматтар береді. Жинақтың соңында күйлерді нотаға түсіруде көп еңбек сіңірген домбырашы-күйші Қаршымбай Ахмедияров Махамбет күйлерін орындаушыларға көмек ретінде халық күйшісінің мұрасын үйреніп, оны ел арасынан насихаттау тәжірибесін бөліседі. Дәулескер домбырашы жинаққа енген күйлерді қарапайым қағыстармен ойнап жеткізу мүмкін еместігін, олардың орындаушыдан күрделі әдіс-тәсілдерді меңгеруді қажет ететінін айтады. Сондықтан да ол күйлерді ұнтаспаға жаздырған домбырашыны іздеп тауып, дұрыс орындаудың құпияларын меңгереді. Сол арқылы кітапта бір-біріне тақырыптық жағынан да, ішкі құрылысы тұрғысынан да ұқсамайтын туындылардың әуендік интонациялық, ырғақтық ерекшеліктерін қысқаша сипаттап береді. Қ.Ахмедияровтың күйлерді орындауға жеңіл болу үшін әрбір шығармаға тән өзіндік қағыстарды көрсетуі де құптарлық бастама, ұтымды әдіс екендігін атап өткен жөн.

Қазақстан Ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкерлері дайындаған «Қазақтың музыкалық фольклоры» атты этнографиялық еңбек осылардың заңды жалғасы ретіндегі қомақты жұмыстың бірі. Мұнда екі жүзге жуық көне әндер мен күйлер түрлі жанрларға ғылыми түрде бөлініп берілген. Кітаптағы шығармалардың «Әдет-ғұрып», «Тұрмыстық ән-күйлер», «Ақындар сарыны», «Аңыз, ертегілер», «Қаһармандық эпос», «Лирикалық эпос», «Тарихи әндер мен күйлер», «Шығыс жазба әдебиетінің музыкадан көрініс табуы» сияқты тақырыптар бойынша жүйеленіп берілуі және ән мәтіндерінің орыс тіліне сөзбе-сөз мағыналық аудармасының болуы, ғылыми түсініктер мен түрлі көрсеткіштердің жасалуы жинақтың мән-мазмұнын байыта түскен. Осы тұрғыдан алғанда мұндай еңбектің алғаш рет жарық көруі деп түйіндеуімізге негіз бар. Қазақ музыка тарихындағы

осындай күрделі еңбекті дайындауда музыка зерттеушілері Б.Ерзакович, Т.Бекхожина, З.Жанұзақова, Т.Мерғалиев, Б.Қарақұловтардың қызметтері айтарлықтай. Жинақ ерекшеліктерінің бірі-революцияға дейінгі байырғы әндер мен күйлердің, толғаулар мен термелердің мол орын алуы, атап айтқанда, Байкөкшенің, Боранбайдың, Байбаланың, Кәмештің, Кемпірбайдың, Сабырбайдың, Жанақтың, Қуандықтың, Түбек пен Шақардың және басқа әнші, жыршылардың сарындары мен әндерінің алғаш рет жариялануы, ұсынылуы. Сондай-ақ мұнда өткен ғасырда өмір сүрген күйші-домбырашылар Сармалай, Тоқа, Мөңке, Ағашаяқ, Байсерке, Ақбала, Махамбет Өтемісұлының күйлері Майлықожа, Шырынқожа, Кенжеқожа, Әкімгерейдің терме саздары мен өсиеттері қазіргі кездегі орындаушылардың репертуарын байтумен қатар ғылыми тұрғыдан зерттеулер жүргізу үшін дайын тұрған материалдар болып саналады. Осындай сан-салалы ән, күйлерді бізге жеткізген сегіз қырлы, бір сырлы өнер иелері Шәкір Әбенев, Кенен Әзірбаев, Шанақ Ауғанбаев, Ысқақ Уәлиев, Құтбай Дүрбаев, Оспанғали Қожабергенев, Ғарифолла Құрманғалиев, Рахмет Мәзхожаев, Дәулет Мықтыбаев, Мұхамеджан Тілеуханов, Оразғали Сүйінбеков, Шамғон Ыбырайымов т.б. екенін мақтанышпен атап өткен жөн.

Жоғарыда аттары аталған музыка зерттеушілері сияқты, қазақтың музыкалық фольклорымен бірге профессионал композиторлардың өмірі мен шығармашылығын зерттеуде мол еңбек сіңірген В.Дернова, П.Аравин, М.Ахметова, Ғ.Бисенова, С.Күзембаева, К.Жүзбасов, А.Мұхамбетова, С.Еламанова, З.Жанұзақова, А.Темірбекова, Ж.Рсалдин, Б.Қарақұлов және басқалардың жарық көрген кітаптары да баршылық. Алайда олардың барлығына шолу жасау мүмкін емес болмады.

Ғасырлар бойы халқымыздың рухани азығы болып келе жатқан саф алтын ән, күйлер мен әнші, күйші, композиторлар жайында әлі де жазылмақ қат-қабат тарих бар. Бұларды жан-жақты терең бойлай зерттеу, жариялау мәселесі күн тәртібіндегі келелі мәселелердің бірі болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары.- Алматы: Білім.- 1963
2. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі.- Алматы: Жазушы.- 1975
3. Сағырбаев Қ. Күйлер.- Алматы: Көркем әдебиет.- 1961
4. Шығаров Д. Күйлер.- Алматы: Көркем әдебиет.- 1961
5. Бекхожина Т. Қазақтың 200 әні.- Алматы: Ғылым.- 1972
6. Махамбет. Шашақты найза шалқар күй.- Алматы: Өлке.- 2004
7. Қазақтың музыкалық фольклоры.- Алматы: Ғылым.-1982

С.З. Байбатшаева ,

магистр, аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Шымкент, Қазақстан

ШЕРТПЕ КҮЙ ДӘСТҮРІ, ОНЫҢ ЖАНРЛЫҚ-КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Музыка табиғат сұлулығын, адамның жан тебіренісін, сыртқы сұлулық пен ішкі жарасымдылықты асқақ сезіммен суреттеп бере алатын күдіреті бар күрделі өнер. Ұлттық өнеріміздің ең бір іргелі және күрделі саласы - аспапты музыка. Дәстүрлі аспаптық музыка және күйшілік өнер қазақтың халықтық музыка мәдениетінің қос қанаты іспеттес. Қаншама ғасырлар бойы атадан балаға жалғасып келе жатқан күйшілік өнер, әсіресе бүгінгі күнге дейін шашау шықпай бізге жеткен домбыра мен қобызда орындалатын күйлер — дүние жүзінде теңдесі жоқ асыл қазына, ерекше құбылыс.

Бұл көпғасырлы көшпенді мәдениетіміздің өзі мен көзі, қайнар бұлағына айналған мәдени мұрамыздың түрі қазақ даласының қайталанбас табиғат көріністерін, бостандық сүйгіш үнін, азаттық аңсаған арманын, халық тағдыры мен тарихын, аңыз бен шындығын, жануарлар образдарын және басқа да көптеген тақырыптар мен сюжеттерде асқан көркемділікпен, нәзік те қажырлы музыка тіл-әдістермен паш етеді. Қазақтың аспапты музыкасы формасы мен композициясы жағынан өте көлемді дамыған. Мақамы ұлттық колоритке бай, нақтылы және тартымды, суреттілігі жағынан айқын болып келеді, мұнда кәсіби симфония жанрының өзегі де мол.

Күйлер өзінің дәстүрлік орындаушылық ерекшеліктеріне байланысты орындалу мәнеріне, құрылыс тәсілдеріне, қағыс түріне, саз әуені мен екпін ырғағына қарай бөлінеді. Қазақтың күйшілік өнерінің үлкен екі арнасы –төкпе және шертпе болып бөлінеді. Оның біріншісі төкпе күйлерге музыкалық образы жағынан симфониялық сипатты бейнелейтін, көбіне тез қарқында орындалатын Қазақстанның батыс өңіріндегі күйлер жатады.

Шертпе күй - аты айтып тұрғандай шертіліп тартылатын күй, мұндағы сөздің түбірі - «шерту» етістігі, кейбір зерттеулердегі «шер» сөзінен шыққан, іштегі шерді қозғайтын күй. Шертпе күйлерге құрылымы жағынан адамның ішкі жан сезімін тербететін әуендері күйдің атына сай ауызекі әңгімелеп отырғандай тыңдаушысына ұғымды, екі ішекті алма кезек сұқ саусақпен шертіп орындау түрлерімен асықпай орта екпінде баяндалатын күйлер жатады.

Шертпе күй деп ел арасында домбыраға арналған күйлердің ертеден сақталған, бірақ өте жоғары дамыған өзіндік бір ерекше мақамы бар айырықша

күйде орындалатын түрін айтады. Шертпе күйлер негізінен лирикалық сезімге бай, бұларда пәлсапашылдық — ойға шомып жан-дүниеге түрткі салатын сыршылдық басым. Шертпе күйлер ежелден Қазақстанның Шығысы Алтай, Тарбағатай, арқа елінің Шыңғыстау мен Баянтау, Қарқаралы мен Ұлытау өңірінен бастап Жетісу, Қаратау және Сыр бойына дейін ел арасында кеңінен тарап, орындалып келген. Ел арасында «Шертпе күй» деп те «Нақысты күй» депте аталған. Қазақтағы «Сыр шерту», «Көңіл күйін шерту» деген сөздерге шертпе күйлер өзінің аты жағынан ғана емес, ішкі әуендік құрылым мазмұны жағынан да үйлесіп отырады.

Шертпе күйдің атасы, бәйтерегі болып саналатын, күйші-композитор, домбырашы, шертпе күй орындаушылық мектебінің негізін қалаушылардың бірі, халық күй өнерінің классигі Тәттімбет Қазанғапұлы-Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында туылған (1815-1862).

Тәттімбеттің күйшілік өнері-өзіндік шертпе күй дәстүрінің қалыптасуына жол ашқан, осы саладағы ең, соқталы, аса көрнекті ірі тұлға. Тәттімбет домбырада күй тартудың, оң бұрау, теріс бұрау, шалыс бұрау, қалыс бұрау, қосақ бұрау сияқты техникалық түрлерін ендіріп, өзінің сондай тәсілдермен орындалатын көптеген күйлерін үлгі-өнеге етіп шығарған. Тәттімбет күйлері қазақ халқының дәстүрлі аспаптық музыкасының алтын қорына енген. «Саржайлау» күйін қарастырсақ, күй екі ішекті жеке-жеке қағу немесе керек жерінде қос ішекті оң қолмен түйдектете қағу тәсілімен орындалады. Күй буындарының ара-арасындағы қайырымдар арқылы шығарма шумақтық түрге ойысқандай болады. Бірақ байыптай барлап қарағанда, күй сол біртұтас лирикалық бағытынан ауытқымай, дамыған түрін бейнелейді.

Шертпе күйдің Қаратау өңірі аймағындағы дәстүрі кенжелеп кейін дамыды. Оған әрине қатарлас, көршілес жатқан Арқа дәстүрінің әсері тиді және басқада дәстүрлер қобыз күйінің, кей тұста домбыра тартудың өзгеше сипаты төкпе күйлік әсеріде сезіледі. Шертпе күйлердің қаратаулық дәстүрі аты аңызға айналған ұлы Сүгір Әліұлы есімімен тығыз байланысты. Сүгірдің жолын қуған оның шығармаларының кең таралуына өз үлестерін қосқан тамаша музыкант күйші Төлеген Момбеков болды.

Шертпе - тарту техникасы көбінесе бір ішекті саумалай шерту әдісіне құралған күйлер. Мінезіне келсек – жалпы ұлтық күйшілік дәстүрге ортақ қарекеттің барлық белгілері бар, біржақты «жуас» деу жаңсақ ұғым, себебі – шертпе мектебінен шыққан екпіні төкпеге барабар әбжіл күйлер өте көп. Сондықтан, шертпе күйдің табиғатын танудың бір амалы – аймақтық мектептерін анықтау.

Әр дәуірде ғұмыр кешкен күйшілік өнердің тарлан жүйріктері мен жансыз дүниеге жан бітіріп, тілін бұлбұлша сайратқан дүлдүлдері қаншама, орындаушылық өнердің сан тарау мектептері қаншама!

Қазақтың тамаша күйшілік мектептерін орнықтырып кеткен ұлы күйшілердің шығармашылығын барлағанда - әуені мен тартысына қарап қай өлкенің тумасы екенін анықтауға әбден болады, өйткені, ғасырлар

бойы қалыптасқан белгілі бір сарындар тобы сол топырақтың ғана меншікті мақамына айналып кеткен, күй қай аймақта, қай уақытта туса да қазақтың құлағы оны жазбай танитыны содан. Әрбір аймақтың тілінде, киімінде, қолөнері мен тұтынатын заттарында сол жерді мекендеген елдің қауымдық ерекшелігіне тән айырмашылықтар болатынын этнографтар да жоққа шығармайды, алайда, бұл факторлардың ұлт мұрасының тұтастығына нұқсаны жоқ, керісінше, мәдениетіміздің байлығы мен байтақтығы болып саналады.

Қазақтың шертпе күйлерінің аймақтық ұяларын былайша тарқатуға болады:

1. Шығыс Қазақстандық (Алтай-Тарбағатай) күйшілік мектеп;
2. Арқа күйшілік мектебі;
3. Жетісу күйшілік мектебі;
4. Қаратау күйшілік мектебі.

Жеке тұлғалардың орындаушылық мектептері:

1. Байжігіт мектебі;
2. Тәттімбет мектебі;
3. Қожеке мектебі;
4. Сүгір мектебі;

Әлбетте, осы аттары аталған күйшілердің тартыс үлгілері қазақ музыкасының алтын қорында сақтаулы, кейінгі орындаушылардың шертпелік өнерде бірден-бір бағыт алар бағдары болып отыр. Оның үстіне осы үлгілерге еліктеп өскен бір қауым күйшілер буыны өсіп жетілді

Қазіргі уақытта шертпе дәстүрін дамытып, аймақтық күйшілік мектептердің салтын сақтап жүрген домбырашылардан— Мұхаметжан Тілеуханов, Таласбек Әсемқұлов, Дәулетбек Садуақасов, Білал Ысқақов, Секен Тұрысбеков, Рымхан Әбілханов, Базарәлі Мүптекеев, Саян Ақмолда, Сәрсенғали Жүзбаев, Мұрат Әбуғазин, Қайрат Айтбаев, Арман Қадырбектердің есімдерін атауға болады.

Шертпе күй туралы арнайы кітаптар жазып, ғылыми зерттеу жүргізген ғалымдарымыз—А.Жұбанов, У.Бекенов, М.Айтқалиев, А.Сейдімбек, Ә.Мұхамбетова, П.Шегебаев, Р.Малдыбаева, Т.Әсемқұлов.

Біздің көшпенді өркениетіміздің тарихында домбыраның орны мен маңызы ерекше. Домбыра қазақтың жаны мен тәні, сырын шертетін айырылмас досы. Академик Ахмет Жұбанов айтқандай, «ат жалында, түйе қомында» домбыраның үні арқылы сан-сиқырлы ойлар мен толғаныстар күмбірлеп, сөйлегендей...

Қазақ күйінің ұшан теңіз ішкі дүниесі ұлт тарихының әр кезеңінде халықтың рухани сұранысына тереңінен жауап беріп, оның өзінше найза-ұранына айналған.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. – Астана, Күлтегін баспасы, 2002.
2. Жұбанов А. Өскен өркен. – Алматы, Ғылым баспасы, 1985.
3. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі, Дайк-Пресс, 2002.
4. Мұхамбетова Ә. Қазақ күйі.- Алматы, Дайк-Пресс, 2002.
5. ҚР еңбек сіңірген қайраткері, күйші Жанғали Жүзбай, мақала
<https://www.sites.google.com/site/kazrefa/-ner-muzyka/dombyra>

Бектұрған Н.-1403-19 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Карсыбаева А.М.-п.ғ.м., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мелекеттік педагогикалық университеті

МУЗЫКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Қазіргі қоғам жеке адамнан прогрессивті ойлай алатын белсенді әрекетті, жан-жақты болуды талап етеді. Өйткені адамның қоғамдағы алатын орны, атқаратын қызметі сол қоғамның дамуымен тікелей байланысты.

Қоғамда «орындаушы» адамнан гөрі «шығармашылық» адамға деген сұраныстың көп екендігін қазіргі өмір талабы дәлелдеп отыр. Білім беру саласында оқушылардың эстетикалық, этикалық және адамгершілік нормаларын меңгерту міндетін жүзеге асыруда музыка пәнінің орны ерекше. Музыка тәрбиесі жастарды өнер құндылықтарын жасауға қатыстыра отырып олардың бойында белгілі адамгершілік-эстетикалық мәдениетті, көркемдік талғамды, шығармашылық қабілетті дамытады. Музыка өнері әрбір оқушыны әсемдік әлеміне үйретіп қана қоймай, оны қорғауға және рухани мәдени деңгейін көтеруге табиғи жағдай жасайды. Сол себепті әрбір қоғам мүшесін өнерпаздыққа тарту қоғамның объективті қажеттілігі және заңдылығы болуы керек.

Тәрбиедегі басты мақсат: қоғам мүшелерін әлеуметтендіру болатын, яғни өнер адамның тек қана рухани өмірінің құрамдас бөлігі болып қоймай, әлеуметтендірудің аса пәрменді құралы болды. Ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келген халықтық қазынаны, оның таңдаулы үлгілерін жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу құралына айналдыру, нақтырақ айтқанда, олардың көркемдік, музыкалық, эстетикалық талғамы мен мәдени деңгейін жоғарылату-басты міндет. [1]

Ұлы Абай өмір шындығын дәл бейнелеу жөнінде поэзия мен музыканың рөлін былайша суреттеді: әсемдік сыры, биік мұратталғандары, көркем шарттары, шығармадағы дарындылық пен шеберлік ән мен күйді орындаудағы дәстүрлер, т.б. мәселелерді көтере келіп, эстетикалық тәрбиенің негізгі өлшемдеріне ғылыми талдаулар жасады. Ғұлама ғалым Әбу Насыр әл Фараби «Музыкалық идея оны жүзеге асыратындай әрекет ету қабілетінсіз іске аспайды, музыканы көп тыңдау, жаттығу түрлерін бір-бірімен салыстыру, әуенді талдау, әрбір тонның дыбыстық әсерін мұқият есептей білу арқылы музыкалық қабілетті дамытуға болатындығын айта келіп, тәрбиелеу барысында тәжірибе жинақтаудың рөлі зор екенін атап көрсетеді», т.б. өзгерісін бақылап, сезінуге үйретеді. Оқушы эстетикалық сезім мен эмоциялық көңіл күй арқылы қоршаған ортаны әсерлене сезінеді. Оқушы өз жауабын жолдастарының жауаптарымен салыстыра отырып, пікірінің дұрыстығына немесе жаңсақтығына көз жеткізеді. Сол арқылы оның музыка жөніндегі ойы мен талғамы қалыптасады. Музыка

шығарманы талдау әңгімелесу әдісі арқылы жүргізіледі. Көркемдік құралын, көркем бейнелердің жасалу жолдарын сабақтың тақырыбы ретінде алынған белгілі бір мәселе төңірегінде талдау оқушы танымын кеңейтіп, сөздік қорының молаюына жол ашады. [2]

Музыка сабақтарында балалар жан-жақты даму барысында алдына көптеген мақсаттар қоя біледі. Дәлірек айтсақ, балаларды музыканы тыңдай білуге үйрету, оны тұтастай қабылдау, сезіну, музыкалық мәнерлікке баулу, дыбыстардың типін түсіну және музыкаға қызығушылығын арттыру. Жан-жақты музыкалық даму баланың ішкі дүниесін байытады, сонымен қатар музыка өнерін терең және толық қабылдатып қана қоймайды, айналадағы дүниеге, өмірге, адамдарға деген көзқарасын өзгертеді. Ән айту, музыка тыңдау, музыка әдебиеттерімен танысу, музыкалық сауат және қозғалыс (ырғақ) музыкаға тәрбиелеудің міндетті бөлімдері. Музыкалық шығармашылық ән айту, тыңдау, музыкалық сауаттылық және музыкалық ырғақ педагогикалық процестермен байланыста болса ғана, шығармашылық белсенділік нәтижелі болады. Үйірмелерде оқушылар музыка сабағында алған білімін кеңейтіп, орындау дағдыларын тереңірек меңгеруге мүмкіндік алады. Мектептегі бір сағаттық музыка сабағы оқушылардың музыкалық бейімділігін жете дамыта алмайды. Сондықтан сыныптан тыс жүргізілетін музыкалық жұмыстарға қатысуы арқылы олардың қабілетін дамытуға мүмкіндік туады. Бұл жұмыстардың қай түрі болсын, оқушының музыка сабағынан алған білімін толықтыруы тиіс. Сыныптан тыс жүргізілетін музыкалық-көпшілік жұмыстар оқушыларды барынша көбірек қамтуды, олардың танымын кеңейтіп, музыка өнеріне деген көзқарасын қалыптастыруды мақсат етеді. Осы мақсатқа жету үшін, баланың жас ерекшелігін ескере отырып, оны қызықтыратындай тақырып пен музыкалық материал таңдап алғаны жөн. Ұйымдастыру алдында біршама дайындық әңгіме жүргізіледі. [3]

Музыка сабағында да ойын технологиясын қолдана отырып, материалды тез меңгеруге, музыкалық шығармаларды қабылдауға, әуенді ести білуге үйретуге болады. Бастауышта оқытылатын барлық пәндер сияқты музыка сабағында да ойынның маңызы зор. Ойынды әдетте мұғалім сабақ алдында не сабақты қорытындылар сәтте пайдаланады.

Ойын-балалар әрекетінің бір түрі, оқушыларды оқыту және тәрбиелеу мақсатындағы қарым-қатынастың әдісі мен құралы. Ойын әрекеті естің, ойлау мен қиялға, барлық таным үдерісіне әсерін тигізеді.

Ойын-әрқашан білім бола отырып, баланы білім алуға, еңбекке дайындайды.

Ойын теориясы мен практикасын отандық және шетелдік педагогтар, психологтар, социологтар зерттеуде. Мысалы, жүйелі жүргізілген ойындар кезінде төмендегідей ойындар жүргізілді. Эмоцияны дамыту, қарым-қатынас, эмоционалдық дискомфорт жағдайын жақсартуға бағытталған ойындардан «Әуенді тап!», «Шатасқан ноталар», «Кім немесе не үні екенін тап», «Әуенге қозғалыс ойла да, сыйла», «Музыка арқылы менің эмоцияларым», «Көңіл-күйді көрсет», «Әнді тап», «Музыкалы-мимикалық гимнастика» т.б.

Ойындық өзара әрекет-бұл өмірдің имитациясы емес, бұл баланың қоғамда өз қабілеттерін, мүмкіндіктерін жүзеге асыруына, өзін-өзі бекітуге мүмкіндік беретін ерекше іс-әрекет түрі. Яғни, ойын бала тұлғасының әлеуметтік дамуының негізгі факторы. Музыкалық ойындар оқушының музыкаға деген құлшынысын, қызығушылығын ғана арттырып қоймай, есте сақтау, ойлай білуге, ажырата, салыстыра алуға баулиды.

Ойындық өзара әрекет-бұл өмірдің имитациясы емес, бұл баланың қоғамда өз қабілеттерін, мүмкіндіктерін жүзеге асыруына, өзін-өзі бекітуге мүмкіндік беретін ерекше іс-әрекет түрі. Яғни, ойын бала тұлғасының әлеуметтік дамуының негізгі факторы. Музыкалық ойындар оқушының музыкаға деген құлшынысын, қызығушылығын ғана арттырып қоймай, есте сақтау, ойлай білуге, ажырата, салыстыра алуға баулиды. [4]

Қорыта келе, бүгінгі таңда дидактика саласындағы негізгі мәселелердің бірі-білім берудегі ойындар технологиясы болып отыр.

Ойын өмірде ерте жасатан өзінен өзі бастала отырып, адамның кәсіпті толық меңгермегенінше жалғасады және ойын оқытуда алдыңғы технологиялардың маңызды бөлігі болып табылады. Музыкалық білім беруді ұйымдастыруда қажетті ұсыныстар:

Оқушылар өз бетімен ізденуіне, өз бетімен жұмыстануына, өз бетімен жаңалық алуына бағыт беріледі.

Оқыту үрдісіне бейімділіктер мен таңдауларды анықтау және есепке алу жүреді.

Музыка пәнінде оқышулардың танымдық стратегияларымен жұмыс ұйымдастырылады.

Оқушыларға арналған түрлі үлгілердегі музыкалық-дидактикалық материалдар қолданылады.

Оқушы оқу материалының қиындық деңгейін тандайды, мұғалім оны өзгертіп отырады.

Әрбір оқушының өзінің мүмкіншілігі мен жеке бейімділіктеріне сәйкес белсенділігі қамтамасыз етіледі.

Мұғалім оқушыға топтық немесе жеке жұмыс жасау мүмкіндігін береді.

Мұғалім мен оқушы түрлі міндеттерді бірігіп шешу барысында оның жаңа заңдары, заңдылықтар мен тәсілдері ашылады.

Таным әрекетін алдымен оқушы бағалап, содан соң мұғалім бағалайды.

Үй тапсырмасының көлемін, қиындық деңгейін, формасын оқушы өзі тандайды.

Оқушы шығармашылық жұмыс түрлерінің авторы ретінде танылып (музыка сабағында), мәдениет үлгілерімен салыстырады.

Әдебиеттер:

1. Мектептегі тәрбие жұмысы. Мектеп баспасы . Алматы 1978.
2. О.С.Богданова; В.И.Петрова. Бастауыш кластардағы тәрбие жұмысының методикасы. Алматы,Мектеп ,1980.
3. П.Сағынтаев; А.Шәндібаева. Бастауыш сыныптарда музыкалық тәрбие беру әдістері. Алматы. Рауан 1996.
4. К.Әсімбекова, Б.Мұсмафин, Т.Мұстафина, Ж.Таубалдиева. Ән сабағы Алматы

PEDAGOGICAL SCIENCES

Music: learning and teaching

Магистр пед.наук Бисембаева Ж.К., 4 курс студенті Ергазиев С.
Костанайский региональный университет им.А.Байтурсынова, Казахстан

ШЫҒАРМА БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА СӨЙЛЕУДІ ДАМУ БОЙЫНША ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІНІҢ БІРІ

Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеуін дамыту мәселесі қазіргі уақытта басты назарда, өйткені адамның сөйлеуі оның ақыл - ойы мен мәдениетінің көрсеткіші болып табылады. Мектептегі оқушылардың сөйлеуін дамыту бойынша жұмыс көп қырлы. Оның бағыттарының бірі-әр түрлі шығарма жазу. Шығармалар арқылы мұғалімге баланың ішкі әлеміне ену, оны білу оңайырақ болады. Шығарма-бұл баланың айналасындағы әлемді өзінің ішкі бейнесінде білдіруге, кейбір мәселелерге көзқарасын білдіруге алғашқы әрекеттері. Шығарма оқушыны өз ойларын уақыт талабына сай реттеуге мәжбүр етеді, әдемі сөйлеуге үйретеді, сонымен қатар тілді байытады және сауаттылықты үйретеді. Өзектілікке сүйене отырып, бастауыш мектептегі тәжірибе үшін мен зерттеу тақырыбын тұжырымдадым «Шығарма бастауыш сынып оқушыларында сөйлеуді дамыту құралы ретінде».

Бастауыш мектепте шығарма ерекше орын алады: барлық басқа сөйлеу жаттығулары оған бағынады. Шығармада оқушы сөйлеу сөздерінің табиғи жағдайларына барынша жақындайды. Шығарма ақыл-ойды, эмоцияларды дамытады, балаларды өмірді түсінуге және бағалауға үйретеді, байқауды дамытады, салыстыруға, қорытынды жасауға үйретеді.[1,б.78]

Мұғалімнің шығармадағы жұмысындағы алғашқы қадам-*тақырыпты таңдау*. Тақырып-бұл шығарманың пәні, онда не туралы айтылады. Ол шығармада көрсетілген материалдарды, фактілерді, құбылыстарды, белгілерді таңдауды анықтайды. Шығарманың дұрыстығы мен толықтығы мұғалімнің тақырыпты қалай тұжырымдалығына, оқушылардың оны қалай түсінуіне байланысты. Тақырып

әрқашан идеямен байланысты. Идея-бұл жазушының көркем образдарда айтқан ойы.

Әңгіме немесе шығарма бойынша жұмыста жинақталған материалдан тақырыпқа немесе белгіленген тақырыптан байқау арқылы шығарма материалына өтуге болады. Оқушылардың үйлесімді дамуы үшін екі әдіс те маңызды. Сонымен қатар, бірінші жағдайда мұғалім дайындықты ұйымдастырады, кейде ұзаққа созылады, материалды, фактілерді, ойлауды, салыстыруды, жалпылауды, қорытынды жасауды үйретеді. Осылайша, серуендеу, экскурсия, көрген және тәжірибелі адамдардың сипаттамасы туралы шығарма бойынша жұмыс жүреді. Екінші жағдайда балаларға тақырып ұсынылады, оны ашуға дайындық жоспары жасалады, материал жинақталады, ең маңыздысы таңдалады, жүйеленеді, содан кейін балалар мәтін жазады. Кейбір тақырыптар бойынша жұмыс екі жолды да біріктіреді. Осылайша, жақсы шығарманың бірінші шарты-тақырып бойынша дұрыс жұмыс жасау, оны түсіну және ашу. [2,б.11]

Шығарма жазудағы келесі қадам-*жоспар құру*. Жоспар ауызша және жазбаша шығармалар үшін міндетті болып табылады. Бұл кез-келген сөйлеу сөзінің сатысы, оның жобасы, қаңқасы. Жоспар: жазбаша, ауызша, суретті. Бірінші сыныпта жоспар-бұл мұғалімнің сұрақтары (сұрақ жоспары), оған жауап бере отырып, балалар мағынасына байланысты бірнеше сөйлем құрайды. Екінші сыныпта мұғалім мен оқушылардың сұрақтары бойынша жоспар жасалады. Үшінші сынып балалары ұжымдық немесе тәуелсіз жоспар бойынша шығарма жазады. Төртінші сыныпта оқушылар берілген тақырыпқа өз бетінше жоспар жасайды.

Үш-бес тармақтан тұратын жоспар ұсынылады. Дайын жоспарлар берілмейді, өйткені бұл жағдайда ойлау дамымайды. Әдетте жоспар шығарма жазар алдында жасалады, бірақ кейде оны алдын-ала жасауға болады, мысалы, шығармаға ұзақ, шашыраңқы дайындықпен, содан кейін жоспар қайта құрылып, жетілдірілуі мүмкін. Жоспарды құру уақыты шығарманың түрі мен мақсатымен анықталады: мысалы, суреттегі шығарма жоспары оны жазар алдында және тіпті суретті қарастырар алдында жасалады; бұл жағдайда жоспардың екі нұсқасы болуы мүмкін: қарау жоспары (алдыңғы артқы фон, кейіпкерлер) және суреттің сюжеті бойынша

әңгіме жоспары, егер сурет осындай сюжетті ұсынса. Экскурсия бойынша шығарма жоспары экскурсияның өзі немесе бақылау жоспары негізінде жасалады. Ол шығарманы жазар алдында бірден нақтылануы мүмкін.

Материалды жинақтау-шығарма жазуға келесі дайындық кезеңі. Жинақтаудың екі арнасы мен әдісін ажырату керек: жалпы даму, эрудиция, құзыреттіліктің кең ауқымы және материалды мақсатты түрде жинау немесе таңдау, оны алу және жинақтау, нақты мақсатқа, таңдаған тақырыбына, хабарламаларға, шығармаға бағынады. Шығармаға арналған материалдар оқушылардың жадында жинақталып қана қоймайды, сонымен қатар жазбалар түрінде жазылады, эскиздер жасалады, сөздіктер жасалады, тірек сөздер (кілт сөздер) таңдалады. Материалды жинау ұзақтығы сөз сөйлеу немесе мәтін жазу уақытынан әлдеқайда асып түседі. Материалды жинау оны жүйелеумен, міндетті түрде қолданылуы керек негізгі нәрсені бөлумен, артық материалды алып тастаумен аяқталады. Материалды жинаумен қатар, оның орналасуымен тілдік дайындық жүреді: біріншіден, сөздікті таңдау және дайындау, сөздердің емлесін тексеру, екіншіден, сөз тіркестерін, сөйлемдерді және мәтін үзінділерін құрастыру, соңында эскиздердің немесе бүкіл мәтіннің ауызша немесе жазбаша жобасын жасау. [3,б.45]

Жұмыстың *шарықтау шегі*-шығарма жазу. Екінші сыныпта шығарма жазу үшін бір сабақ, үшінші сыныпта - бір сабақ, төртінші сыныпта - бір сабақ және екінші сабақтың жиырма минуты бөлінеді.

Шығарма жазу және оған дайындық әдетте басқа жұмыс түрлеріне қарағанда әлдеқайда көп уақытты алады. Сонымен, экскурсия бойынша шығарма үшін материалдың жинақталуы кейде жазудан бұрын болады; табиғат құбылыстарын бақылау бір апта, тіпті бір айға созылуы мүмкін; сурет әдетте шығарма алдында қарастырылады. Кейде жоспар алдын-ала жасалады, сондықтан шығарма мәтіні жазылған сабақ дайындық жұмысын қорытындылау ретінде қарастырылады. [3,б.45]

Егер шығарма ұзақ дайындықтың нәтижесі болса, онда шығарма жазу сабағының құрылысы дайындық жұмысының сипатына байланысты болады. Шығарма жазу сабағы кейбір негізгі кезеңдеріне бөлінуі мүмкін.

1. Шығарманың тақырыбы мен міндеттерін хабарлау, оларды оқушылармен талқылау.
2. Әңгімелесу- материалды ретке келтіру мақсатында, егер ол алдын - ала жинақталған болса-бақылау немесе оны жинақтау барысында.
3. Егер жоспар бұрын жасалған болса, жоспар құру немесе оны нақтылау.
4. Мәтінді сөйлеу дайындығы: байланыстырылған мәтіннің жеке сөз тіркестерін, сөйлемдерін немесе фрагменттерін құрастыру.
5. Қиын сөздерді жазуға орфографиялық дайындық.
6. Шығарма жазу, мұғалімнің жеке көмек көрсетуі.
7. Өзін-өзі тексеру, байқалған кемшіліктер мен қателерді түзету. [4,б.23]

Шығарма оқушыны өз ойларын уақыт талабына сай реттеуге мәжбүр етеді, әдемі сөйлеуге үйретеді, сонымен қатар тілді байытады және сауаттылықты үйретеді. Шығарманы жазу барысында баланың сөйлеуі жетілдіріліп, байып, дұрыс, мәнерлі, бейнелі, таза болады, бұл оған орыс тілі сабақтарында да, күнделікті өмірде де сәтті болуға көмектеседі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Львов М. Р. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеуін дамыту әдістемесі: Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған нұсқаулық. -М., 1985.
2. Сөйлеуді дамыту әдістемесі / ред.Ладыженская Т. А. – М., 1991.
3. Львова М. Е. Мазмұндама мен шығарма оқытудың өзара байланысы // бастауыш мектеп. - 1984.- № 3. –с. 32-36.
4. Политова Н. И. - бастауыш сынып оқушыларының орыс тілі сабақтарында сөйлеуін дамыту: мұғалімге арналған нұсқаулық.- М.: Ағарту, 1984.- 191с.

Пятибратова Н.А.,

учитель биологии, педагог-исследователь, школа «Абая» со специализированными классами для одаренных детей, город Кызылорда

ПОЗНАВАТЕЛЬНАЯ САМОСТОЯТЕЛЬНОСТЬ КАК ВАЖНЫЙ ФАКТОР САМОРАЗВИТИЯ ШКОЛЬНИКОВ

Различные аспекты проблемы развития познавательной самостоятельности учащихся нашли отражение в многочисленных психолого-педагогических исследованиях. В этих работах дана общая характеристика самостоятельной познавательной деятельности (Е.Я.Голант, М.А.Данилов, Л.В.Жарова, Г.С.Закиров, Е.Н.Кабанова-Меллер, М.И.Махмутов, П.И.Пидкасистый, Н.А.Половникова и др.), разработаны классификации самостоятельных работ (Б.П.Есипов, А.С.Лында, Р.М.Микельсон и др.), выделены условия организации самостоятельной учебной деятельности (М.А.Данилов, Б.Х. Есипов, П.И.Пидкасистый), определена структура мотивации самостоятельной познавательной деятельности (В.Г.Асеев, Л.И.Божович, Д.Н.Богоявленский, И.А.Зимняя, М.В.Мапюхина, А.К.Маркова, Н.А.Менчинская, В.И. Архипов) [1].

В классической философской традиции «деятельность» является одним из фундаментальных понятий, фиксирующих в своем содержании акт столкновения целеполагающей свободной воли субъекта, с одной стороны, и объективных закономерностей бытия - с другой. Соответственно этому в структуре деятельности традиционно выделяются субъективный и объективный компоненты. В зависимости от того, каким образом они соотносятся между собой, т.е. как именно конфигурирована структура деятельности, деятельность может быть дифференцирована на различные типы. Уже в древнегреческой традиции различали «*noietis*» как деятельность по реализации привнесенной извне программы (приказа) и «*chretis*» как деятельность субъекта, выступающего одновременно субъектом целеполагания и субъектом реализации данной цели (творческая разновидность «*chretis*» осмысливалась как "*praxis*"). В рамках традиционных форм философствования принята также дифференциация деятельности по предметному критерию: материальная деятельность как реализуемая в процедурах взаимодействия человека и природы в контексте производства, социальная деятельность как разворачивающаяся в процессе влияния человека на социальные процессы и организацию общественной жизни, духовная деятельность как реализуемая в интеллектуальном или художественном творческом усилии.

Таким образом, содержание категории «деятельность» в философии является синтетичным и в силу синтетичности (амбивалентности) оно явилось исходным при построении понятийного аппарата универсальных философских моделей при различной их методологической и аксиологической ориентации [2].

